# *«Көктем-ана, қыздар-гүл!»*

*Дайындаған: Нұримова Т.А*

*2026 жыл*

**Жүргізуші:** Құрметті ата-аналар, әжелер, әпкелер! 8 наурыз мерекесі құтты болсын! Жан жадыратар қуаныштарың мол болсын! Асыл армандарыңыз орындалып, денсаулықтарыңыз мықты болсын!

Той тойлап дала менен қалаларың,
Мерекең құтты болсын аналарым.
Қаракөз қыз, абзал ана мерекесін,
Құттықтауға келіп тұр балаларың!

Ортаға «Балапан» кіші топ балаларын қошеметпен шақырамыз.

**Балалар:** Құрметті аналар!
Әжелер!
Апалар!
Қарындастар!
Сіздерді мерекелеріңізбен
**Бәрі: Құттықтаймыз!**

**Жүргізуші:** Қандай өнегелі балаларсыңдар! Қане, жайғасып отыра қойыңдар! Көктемнің алғашқы мерекесі-Аналар күні. Сіздер аналарыңды бұл күні қалай қуантасыңдар?

**Балалар:**-Үй жинаймыз.

-Тентек болмаймыз.

-Ыдыс жуамыз.

-Еден сыпырамыз.

**Жүргізуші:** Ән сал десе, сал әнді,

Жігіт боп өс жарамды.

Қуанткайсың әрқашан,

Әжең менен анаңды.

**Хор:** «Айналайын ақ мамам»

**Жүргізуші:** Қызғалдақтай жайнап өскен

Біздің топтың ұл-қызы

Әнші де бар, биші де бар,

Шет-шетінен өнерлі.

Бүгін міне, мереке деп

Нұрланғандай көңілі

Аналарын құттықтауға

Бүгін бірге келеді.

**Жүргізуші:** Қош келіпсіз ақ жаулықты аналар!

Жүздеріңнен мейірім мен нұр тамар.

Алдарында жауқазындай құлпырған

Біз алаңсыз балғын шақты балалар.

**«Балапан»** кіші топ балаларының қыздарымызға, аналарына, әжелеріне арнап би билеп береді.

**Би «Джентлмен»**

**Жүргізуші:** Балалар, сендер аналарыңмен ойын ойнағанды ұнатасыңдар ма? Олай болса ойын ойнаймызба?

Балалар: Ия, ойнаймыз.

**Ойын: «Гүлдерді тереміз»**

Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жақсы көңіл-күй сыйлау.

Шарты: Ортаға анасы мен қызы шығады. Алдарында тұрған көктемгі гүлдерді теріп себетке салады.

**Жүргізуші:** Көктем, көктем, көктемде,
Құстар келіп жеткенде.
Қуанып біз қаламыз,
Әнмен қарсы аламыз.
Біздің тобымыздың баларының тағыда әні бар екен.

**Ән: «Анажан»**

**Жүргізуші:** Сегізінші наурыз келді
Шаттық сезім ала келді,
Қуанышты күнде енді
Құттықтаймыз сіздерді.

**Жүргізуші:** Балалар, бүгін біздер қандай мереке тойлап жатырық?

**Балалар:** Аналардың, әжелердің, қыздардың мерекесін.

**Жүргізуші:** Аналарды сүйеміз
Ақылын ойға түйеміз

Әжені де ардақтап
Әдеппен бас иеміз.

Біздің балаларымыздың да сүйікті әжелері бар, қазір олар әжелеріне арнап әзірлеген көріністерімен мен тақпақтарын сыйға тартады.

**Көрініс:** «Әжелер-ай, әжелер»

**Жүргізуші:** Әжелерімізбен ойын ойнап көреміз бе балалар?

**Балалар:** Ия, ойнаймыз.

**Ойын: «Көңілді йогурт »**
Мақсаты: Адамгершілік қасиеттерін арттыру. Үлкенге сыйластық таныта білу.

Шарты: Ортаға әжелеріміз шығады. Оларға балалар қасықпен иогуртты тез арада берріп жетізу керек.

**Жүргізуші:** Қыздардың аналарына арналған «Анашым» атты биін қабыл алыңыздар.
**Сән үлгісі:** «Балапан» тобының қыздарының сән үлгісі көктемге арналған көйлектерін көрсету.

**Жүргізуші:** Балалар, өмірде жақсы лебіздер, жақсы сөздер, құттықтаулар айтқанды жақсы көреміз бе? Олай болса барлығымыз шеңбер құрып, әдемі гүл арқылы жүрекке жылы лебіздерімізді айтайық.

**Жүргізуші:** Осы күнді бар бала
Тағатсыз-ақ күткенді,
Сыйлықтарын сіздерге
Сыйлайтұғын сәт келді.

Ал енді балалар аналарымызға арнаған сыйлықтарымызды табыс етейік.

**Жүргізуші:** Аналар, қалқып бақыт аралында,
Лайым мұң қонбасын жанарына.
Осымен ертеңгілігімізді аяқтайық.
Гүл бітсін бәріңіздің қаламына.

Осымен бүгінгі ертеңгілігіміз аяқталды. Уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп рахмет. 8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі құтты болсын!

ЖШС «Венера» балабақшасы

# *Ата-аналар жиналысы*

***Тақырыбы: «Балабақша мен ата-ана арасындағы өзара байланыс. Баланың бейімделу кезеңі»***

*Тобы: «Балапан» тобы*

*Тәрбиеші: Нұримова Тұрсынхан Арманқызы*

Ата-аналар жиналысының сценарийі

Тақырыбы: "Балабақша мен ата-ана арасындағы өзара байланыс. Баланың бейімделу кезеңі"

Мақсаты:

Баланың балабақшаға бейімделу кезеңіндегі қиындықтарды ата-аналармен бірлесе талдау;

Тәрбиеші мен ата-ананың бірлескен жұмысының маңыздылығын түсіндіру;

Баланың эмоциялық жай-күйін тұрақтандыру жолдарын қарастыру;

Ата-аналар мен педагогтар арасындағы сенімді қарым-қатынас орнату.

Жиналыстың барысы

I. Кіріспе бөлім

Тәрбиеші:

Құрметті ата-аналар, бүгін сіздерді біздің балабақшамызда көруге өте қуаныштымыз!

Біздің жиналысымыздың мақсаты – сіздермен ашық әңгімелесу, балабақша мен отбасы арасындағы байланыс пен түсіністікті нығайту, сондай-ақ балалардың балабақшаға бейімделу кезеңі туралы кеңінен әңгімелеу.

1–2 жастағы балалар үшін балабақшаға келу – үлкен өмірлік өзгеріс. Бұл кезеңде бала алғаш рет анасынан ұзақ уақытқа ажырап, жаңа ортаға бейімделеді. Сондықтан біз, тәрбиешілер, сіздермен бірге баланың осы кезеңнен жеңіл өтуіне көмектесуіміз керек.

II. Танысу және тренинг бөлімі

Тренинг: "Жылы лебіз шеңбері"

Мақсаты – ата-аналар мен тәрбиешілер арасында жылы, сенімді атмосфера орнату.

Өткізілуі:

Барлық қатысушылар шеңберге тұрады. Бір-біріне қарап, өз есімін айтып, баласы туралы бір жылы сөз қосады.

Мысалы:

Менің атым Айнұр, қызым Аружан. Ол өте мейірімді, гүлдерді жақсы көреді.

Тәрбиеші қорытындылайды:

-Көрдіңіздер ме, әр бала ерекше, әрқайсысының жүрегі мейірімге толы. Біздің міндетіміз – сол мейірімді сақтау және дамыту.

III. Негізгі бөлім

Тәрбиешінің сөзі:

Құрметті ата-аналар, әр баланың бейімделу кезеңі әртүрлі өтеді. Кейбір балалар балабақшаға тез үйреніп кетсе, енді бірі ұзақ уақыт анасын іздеп жылайды, көңіл күйі тез ауысады. Бұл – табиғи құбылыс.

Бейімделу кезеңінде балада келесі белгілер байқалуы мүмкін:

Анасынан айырылуға қорқу;

Тәбетінің төмендеуі;

Ұйқысының бұзылуы;

Жаңа ортаға бейімделуде мазасыздық.

Бірақ қорқудың қажеті жоқ. Бұл кезең – уақытша. Ең бастысы – ата-ананың сабырлығы мен сенімі.

Тәрбиешінің кеңестері:

Таңертең баланы балабақшаға күлімдеп, жылы сөзбен шығарып салыңыз.

"Жыламашы", "қал" деген сөздерді айтпауға тырысыңыз. Оның орнына "Мен кешке сені алып кетемін", "Сенің жақсы ойнап жүргеніңді көргім келеді" дегендей сенім білдіріңіз.

Кешке келгенде "Бүгін қандай ойын ойнадың?", "Кіммен дос болдың?" деп сұраңыз.

Бала үйде де балабақшадағы режимге ұқсас кестеде өмір сүрсе, оған жеңілірек болады.

Бала бейімделіп жатқан кезде тәрбиеші мен ата-ана — ең үлкен серіктес. Біз бір-бірімізбен жиі сөйлесіп, баланың жағдайын бөлісіп отырсақ, нәтижесі әлдеқайда жақсы болады.

IV. Ойын: "Бала көзімен"

Мақсаты: ата-аналарға баланың ішкі сезімін сезіндіру.

Өткізілуі:

Тәрбиеші ата-аналарға мына жағдайды елестетуді сұрайды:

"Сіз жаңа жерге келдіңіз, айналаңызда таныс емес адамдар, өз бөлмеңіз жоқ, анаңыз да жоқ. Сіз не сезінесіз?"

Ата-аналар жауап береді (мысалы: қорқыныш, қобалжу, жалғыздық).

Тәрбиеші қорытындылайды:

- Міне, дәл осындай сезімді біздің кішкентайлар да бастан кешіреді. Сондықтан оларға уақыт, мейірім, жылы сөз қажет

V. Практикалық бөлім

Тренинг "Көзіңнен танимын"

Ата-аналардан баласының фото көздері жарда ілініп тұрады әр ата-ана баласының көзін табады

VI. Қорытынды бөлім

Тәрбиешінің қорытынды сөзі:

Құрметті ата-аналар, баланың балабақшадағы алғашқы қадамдары – оның өміріндегі ең маңызды кезең. Біз сіздердің көмектеріңізсіз бұл жолды жеңіл өте алмаймыз.

Балаға деген мейірім, түсіністік және шыдамдылық – оның бейімделуін жеңілдететін басты күш.

Біздің мақсат – баланың бақыты мен денсаулығы.

Сіздермен бірлесе жұмыс істесек, әр бала балабақшаға қуана келетін, өзін қауіпсіз әрі сүйікті сезінетін болады.

Назарларыңызға рахмет ата-аналар!

ЖШС «Венера» балабақшасы

# *Ата-аналар жиналысы*

***Тақырыбы: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы- табысты тәрбиенің кепілі»***

*Тобы: «Сұңқар» орта тобы*

*Тәрбиеші: Бисенова Алина Алдиярқызы*

Ата-аналар жиналысының сценарийі

Тақырыбы: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы – табысты тәрбиенің кепілі»

Тобы: Орта топ (4–5 жас)

Мақсаты:

Ата-ана мен тәрбиешінің бірлескен іс-әрекетінің бала дамуына әсерін түсіндіру;

Ынтымақтастық қарым-қатынас орнату;

Бала тәрбиесіндегі бірізділікті сақтау.

🕓 Жиналыс барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі (3–5 мин.)

Тәрбиеші:

– Құрметті ата-аналар, бүгінгі жиналысымызға қош келдіңіздер!

Біздің басты мақсатымыз – ортақ ұл-қыздарымыздың жақсы тәрбиеленіп, мейірімді, әдепті, білімге құштар болып өсуіне бірге атсалысу.

Бүгін біз «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы – табысты тәрбиенің кепілі» тақырыбында пікір алмасамыз.

II. Кіріспе сөз (5 мин.)

Тәрбиеші:

Баланың тәрбиесі – балабақшадан басталады, бірақ оның іргетасы отбасында қаланады.

Отбасы мен балабақша тығыз байланыста болса, баланың тұлғалық дамуы толыққанды болады.

Балаға тәрбиеші мен ата-ананың көзқарасы, сөзі, әрекеті бірдей болған кезде ғана жақсы нәтиже береді.

III. Негізгі бөлім (10–12 мин.)

Тәрбиеші баяндамасы:

Тәрбие мен оқытуда ата-ана мен балабақша арасындағы байланыс мынадай бағыттарда жүзеге асады:

1.Баланың дамуына қатысты ашық әңгімелер, кеңестер жүргізу;

2.Бірлескен мерекелер мен ойындар ұйымдастыру;

3.Ата-аналарды балабақша өміріне тарту;

4.Тәрбиеші мен ата-ананың өзара сенімі мен сыйластығы.

Мысал:

– Мәселен, үйде балаға оқыған ертегісін айтып беру, балабақшада сол туралы сурет салдыру – бұл да бірлескен жұмыс нәтижесі.

IV. Пікірталас (10 мин.)

Сұрақтар ата-аналарға:

•Балаңыз балабақшада үйренген әдеттерді үйде қайталай ма?

•Үй мен балабақша арасындағы тәрбиеде қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар?

•Тәрбиешімен байланыста не маңызды деп ойлайсыздар?

(Ата-аналар өз ойларын бөліседі.)

V. Сергіту сәті «Жылы сөздер шеңбері» (5 мин.)

Мақсаты: ата-ана мен тәрбиеші арасындағы жылы қарым-қатынасты нығайту.

Өткізу тәсілі:

Ата-аналар мен тәрбиешілер шеңберге тұрып, бір-біріне жылы тілек немесе жақсы қасиет айтып доп лақтырады.

Мысалы: «Сіз өте мейірімдісіз», «Сіздің балаңыз өте әдепті» т.б.

VI. Қорытынды сөз (5 мин.)

Тәрбиеші:

– Құрметті ата-аналар!

Бала – біздің ортақ байлығымыз.

Оның тәрбиесі мен дамуы үшін балабақша мен отбасының ынтымағы аса маңызды.

Сондықтан әр баланың бойындағы жақсы қасиеттерді бірге дамытайық.

Бала тек бірлікте, мейірім мен сенім ортасында өссе ғана бақытты бола алады. ✿

VII. Ұсыныстар

1.Тәрбиешімен тұрақты байланыста болу;

2.Бала жетістігін бірге мадақтау;

3.Балабақша іс-шараларына белсенді қатысу;

4.Тәрбие мен әдептілікте бір бағыт ұстану.

VIII. Жиналысты аяқтау

Тәрбиеші:

Бүгінгі кездесуде айтылған пікірлеріміз ортақ мақсатқа қызмет етеді деп сенемін.

Бірлесе еңбек етсек, балаларымыздың болашағы нұрлы болмақ!

Рахмет сіздерге!

ЖШС «Венера» балабақшасы

Бекітілді

# Ертеңгілік

## Тақырыбы: Алтын күз!

Балапан кіші топ

Тәрбиеші: Нұримова Т.А

Оски 2025 жыл

## «Алтын күз» «Балапан» кіші тобы

**Тақырыбы:** «Алтын күз»

**Мақсаты:** Балаларға берекелі күз туралы мағлұмат беріп, табиғатты қорғауға, сұлулығын тамашалауға тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** жапырақтар, жемістер, көкөністер, залдың іші безендірілген.

**Дайындаған:** Нұримова Тұрсынхан Арманқызы.

**Жүргізуші:** Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар! Ел байлығын арттырған берекелі де мерекелі, күз мерекесі баршамызға құтты болсын! Әр отбасына зор денсаулық, мол астық, мол байлық тілейміз. Ендеше, «Берекелі алтын күз!» атты ертеңгілігімізді бастайық. Ортаға «Балапан» тобының бүлдіршіндерін шақырайық, қарсы алыңыздар!

**Ән: «Алтын күз»**

**Жүргізуші:**Балалар, қазір бізде қандай жыл мезгілі?

Балалардың жауабы:

-Күз мезгілі.

-Күзде қандай өзгерістер болады? (күн суытады, жаңбыр жауады, тб)

-Жаңбыр жауады,күн суытады.

-Күзде апаларың, әкелерің не жинайды? (картоп, алма, сәбіз, қияр,т.б)

-Күзде жапырақтардың түсі қандай болады?

-Сары түс болады.

**Жүргізуші:** Балалар, бүгін барлығымыз күз мерекесіне жиналдық.

Бізге қонақтар да келді. Бірақ біздің мерекенің сәні болмай тұрған сияқты.

-Сендер білесіңдер ме?

-Бүгінгі мерекенің сәні кім екенін?

-Қанекей балалар,ендеше Күз Ханшайымын ортаға шақырайық.

Музыка әуенімен ортаға «Күз Ханшайымы» кіреді.

**Күз Ханшайымы:** Береке бақ дарыған,

Жомарт көңіл жарқын жаз.

Сары алтынға малынған,

«Алтын күз» деген мен болам!

…армысыздар, құрметті қонақтар, балалар! Сендерге келгеніме қуаныштымын. Мен сендерге бір жұмбақ жасырамын,ал сендер жұмбақтың шешуін табуға дайынсыңдар ма?

-Балалар,иә дайынбыз.

Ағайынды бәрі

Шықса жасыл,

Түссе – сары. Бұл не? (жапырақ)

-Жарайсыңдар,балалар!

Бәріміз бірге «жапырақ», «жасыл жапырақ», «сары жапырақ» сөздерін қайталайықшы.

**Жүргізуші:** Күз Ханшайымы, біздің балалар күз туралы өлеңдер, билер біледі.Сіз жайланып отырыңыз, балалардың өнерін тамашалаңыз.

**Би:** «Бүлдірген биі » Балапан тобының қыздары.

**Жүргізуші:** Қане балалар, осындай молшылық күз айында бір ойын ойнайық.

**Ойын** «Кім жылдам?»

**Шарты:** ұлдар бір себетке көкөністерді жинайды, ал қыздар екінші себетке жемістерді жинайды. Күз Ханшайымы қыздар мен ұлдардың қалай жинағанын тексересіз бе? («көкөністер» мен «жемістер» сөздерді хормен қайталау)

**Жүргізуші:** Ортаға, біздің топтың жігіттерінің биін тамашалауға шақырамыз.

**Би:** «Саңырауқұлақтар биі»

**Жүргізуші:** Күз Ханшайымы біздің «Балапан» тобының балалары мен қыздарының сізге арналған тосын сыйы бар қарсы алыңыз. Қыздар ортаға шығып күзгі көйлек сән үлгісін көрсетеді. Балалар күзгі өнімдерден жасалған көрме дайындайды.

**Күз Ханшайымы :** Өте тамаша балалар сіздердің өнерлеріңе тәнтімін, жарайсыңдар енді бәріміз бірге «Күз тамаша» өлеңін қосылып айтайық.

**Күз Ханшайымы:** Балалар, мен сендерге әкелген сыйлығым бар еді. Мен оны тәрбиеші апайларына тапсырамын,топқа барғасын алтын күздің сыйлығынан дәм татасыңдар.

**Жүргізуші:**

-Балалар, бүгін бізде қандай мереке болды?

-Сендерге мереке ұнады ма?

-Балалар:Бүгінгі мереке бізге қатты ұнады.

Рахмет сізге Күз ханшайымы! Жыл сайын бізге келе бер, елімізге молшылық әкеле бер! Осымен біздің мерекеміз аяқталды, келгендеріңізге рахмет.







ЖШС «Венера» балабақшасы

Бекітемін

# Ертеңгілік

## Тақырыбы: Алтын күз!

Сұңкар орта топ

Тәрбиеші: Бисенова А.А

Орал 2025 жыл

...ын күз! ертеңгілік.

Мақсаты: Балаларды күз әлемімен таныстыруды жалғастыру.

Күз мезгіліндегі өнім көкөністерден көрініс сахналандыру.

Балалардың ойын, ән, билер арқылы күзгі мерекелік көңіл-күйлерін көтеру.

Табиғатты сүйіп, қорғауға, аялауға тәрбиелеу.

Дауыс: Міне, өлкемізге алуан түсті жапырақтарымен толқып, билеп күз де жетті. Күздің келуін бәріміз де асыға күттік. Ал, күз бізге мол өнімдерін сыйға тартуда.

(Әуен ойналады. Жапырақтар биін билеп балалар келеді. Би аяқталған соң өз орындықтарының қасына барып тұрады.)

Би: Жапырақтар

Жүргізуші: Армысыздар құрметті қонақтар! Біздің шағын орталықта «Келді міне Алтын күз» мерекесін бізбен бірге өткізуге қош келіпсіздер!

Бүгін мейрам, бүгін той

Қуаныш күн, біліп қой

Күзгі бақта сыңғырлап

Алақанды ұрып қой.

Қонақтардың көңіл-күйін көтеру үшін қолдарымызды бұлғап амандасайық!

(Балалар қолдарын бұлғайды)

Жарайсыңдар балалар! Қонақтар мен балалардың жүзінен қуаныш пен шаттықтың ізін байқайық!

Берекесін сыйлауға

Өлкемізге күз келді

Жемістерін жинауға

Шақырады біздерді

Қуандырып біздерді

Кел жемісті алтын күз

Өлкемізге күз келді

Кемелденсін халқымыз.

Көптен күткен күз келді

Жеміс жидек піседі

...пырақтар сарғайып

...ағаштардан түседі

Көбейді құт береке

Астық толы қамбамыз

Құтты болсын мереке,

Алтын күзді тойлаймыз.

Ән: Алтын күз

Балалар қазір бізде күз мерекесі, күз мезгілінің неше айы бар екен?

Күз айларын кім атап шығады?

Күз айларын ортаға шақырайық . (Қыркүйек, қазан, қараша)

Сыңғырлайды қоңыраулар

Қыркүйек айында

Сағынышпен біз барамыз

Өнер білім тойына

Қазан айы басталды

Құстар қайта бастады

Туыстық, адам достықпен

Жалғаса берсін өмірлерін

Күздің қараша айында

Алма, алмұрт піседі

Жапырақтар сарғайып

Сыбдыр, сыбдыр түседі

Ойын: «Өз ағашыңды тап!»

Шарты: Шашылған жапырады теріп алып, өз ағаштарының қасына тез барып тұру.

Бағбаншы: кіреді.

Жүргізуші: Сіз кімсіз? Қайдан келдіңіз?

Бағбаншы: Бақша, бақты күтетін бағбаншымын. Балаларды мейрамымен құттықтауға келдім. Ал сендер неге жалғызсыңдар? Күз ханшайымы қайда?

Жүргізуші: Біз сізбен келеді деп ойладық.

Бағбаншы:Мен күз ханшайымын көрген жоқпын, ол орманда адасып қалған шығар.

ргізуші: Келіп калатын шығар тосайық, оған дейін көкөністер мен жемістерді кеір лерін таныстырсын.

Ортаға жемістер мен көкөністер, өздері туралы тақпақтар

Өрік

Доп дөңгелек сап сары

Ішінде бар дәні

Қызығасын көріп

Менің атым өрік.

Алма

Пісіп тұрған алмамын,

Тамсандырар бал дәмім

Жерге сілкіп түсірме

Ісіп кетер маңдайым.

Сәбіз

Өсіретін бойыңды

Дамытатын ойыңды.

Қоянға да азықпыз,

Сәбіздерміз жазықсыз.

Пияз

Асханадан шықпаймын,

Атым пияз, бұқпаймын.

Көзден жасты шығарам.

Тұмаудан бірақ сақтаймын.

Картоп

Картоп біздің атымыз

Жер астында жатырмыз

Бір тамырдан тараған,

Ағайынбыз бәріміз.

Алмұрт

Тіл үйірген алмұрттпын

Таңсығымын бар жұрттың

Жақсы өсіре алмайды,

Қараса егер салғырт кім.

Қызанақ

Тал шыбығым бұралып,

Бақшаларда қызарып

Тұрған ол мен қызанақ

Күнге қарап ұялып.

Шие

Мен моншақты шиемін

Құмарсындар білемін

Кетіп қалып жүрмесін

Тамағыңа сүйегім

Бағбаншы: Балалар мен бір ойын білемін , бірге ойнайық.

Ойынның аты: «Көкөністер»

(Әуен: Жел мен жаңбырдың дауысы.)

Күз бен жел кіреді:

Күз. Маған көмектесіңдер, көмектесіңдер.

Әуен: Сиқырлы

Жел: Ахалай, махалай суф !Күзді ұйықтатып тастайын.Қара бұлтымен күзді жауып тастайды.

Бағбаншы: Желдің артынан қуады.

Жүргізуші: Жел сен неге күзді сиқырлап тастадың

Бағбаншы: Күз бізге керек, оны балалар тосып отыр.

Жел: мен мықтымын, мен шапшанмын мен күзді сыйқырлап тастадым.

Жүргізуші: Біздің балаларда шапшаң! Ондай болса ойын ойнап, шапшаңдығымызды көрсетейік.

Ойын: «Тауық пен әтеш»

Екі баладан ортаға шығып, музыка әуені аяқталғанша тауық – қызыл бұршақ, ал әтеш – ақ бұршақ дәнін жинау керек. Қайсысы көп жинаса соның жеңіске жеткені болады.

Бағбаншы: Әне, көрдің бе, біздің балалар қандай шапшаң?

Жел: жарайды сендер мықтысыңдар,сендер шапшаңсыңдар, сендер жеңдіңдер.







ЖШС «Венера» балабақшасы

Бекітілді

# Ертеңгілік

## Тақырыбы: Алтын күз!

Тұлпар ересек топ

Тәрбиеші: Камзина О.К

Орал 2025 жыл

...тын күз! ертеңгілік.

...ақсаты: Балаларды күз әлемімен таныстыруды жалғастыру.

Күз мезгіліндегі өнім көкөністерден көрініс сахналандыру.

Балалардың ойын, ән, билер арқылы күзгі мерекелік көңіл-күйлерін көтеру.

Табиғатты сүйіп, қорғауға, аялауға тәрбиелеу.

Дауыс: Міне, өлкемізге алуан түсті жапырақтарымен толқып, билеп күз де жетті. Күздің келуін бәріміз де асыға күттік. Ал, күз бізге мол өнімдерін сыйға тартуда.

(Әуен ойналады. Жапырақтар биін билеп балалар келеді. Би аяқталған соң өз орындықтарының қасына барып тұрады.)

Би: Жапырақтар

Жүргізуші: Армысыздар құрметті қонақтар! Біздің шағын орталықта «Келді міне Алтын күз» мерекесін бізбен бірге өткізуге қош келіпсіздер!

Бүгін мейрам, бүгін той

Қуаныш күн, біліп қой

Күзгі бақта сыңғырлап

Алақанды ұрып қой.

Қонақтардың көңіл-күйін көтеру үшін қолдарымызды бұлғап амандасайық!

(Балалар қолдарын бұлғайды)

Жарайсыңдар балалар! Қонақтар мен балалардың жүзінен қуаныш пен шаттықтың ізін байқайық!

Берекесін сыйлауға

Өлкемізге күз келді

Жемістерін жинауға

Шақырады біздерді

Қуандырып біздерді

Кел жемісті алтын күз

Өлкемізге күз келді

Кемелденсін халқымыз.

Көптен күткен күз келді

Жеміс жидек піседі

Жапырақтар сарғайып

Ағаштардан түседі

Көбейді құт береке

Астық толы қамбамыз

Құтты болсын мереке,

Алтын күзді тойлаймыз.

Ән: Алтын күз

Балалар қазір бізде күз мерекесі, күз мезгілінің неше айы бар екен?

Күз айларын кім атап шығады?

Күз айларын ортаға шақырайық . (Қыркүйек, қазан, қараша)

Сыңғырлайды қоңыраулар

Қыркүйек айында

Сағынышпен біз барамыз

Өнер білім тойына

Қазан айы басталды

Құстар қайта бастады

Туыстық, адам достықпен

Жалғаса берсін өмірлерін

Күздің қараша айында

Алма, алмұрт піседі

Жапырақтар сарғайып

Сыбдыр, сыбдыр түседі

Ойын: «Өз ағашыңды тап!»

Шарты: Шашылған жапырады теріп алып, өз ағаштарының қасына тез барып тұру.

Бағбанша: кіреді.

Жүргізуші: Сіз кімсіз? Қайдан келдіңіз?

Бағбаншы: Бақша, бақты күтетін бағбаншымын. Балаларды мейрамымен құттықтауға келдім. Ал сендер неге жалғызсыңдар? Күз ханшайымы қайда?

Жүргізуші: Біз сізбен келеді деп ойладық.

Бағбаншы:Мен күз ханшайымын көрген жоқпын, ол орманда адасып қалған шығар.

ргізуші: Келін қалатын шығар тосайық, оған дейін көкөністер мен жемістерді қазір ..дерін таныстырсын.

Ортаға жемістер мен көкөністер, өздері туралы тақпактар

Өрік

Дөп дөңгелек сап сары

Ішінде бар дәні

Қызығасын көріп

Менің атым өрік.

Алма

Пісіп тұрған алмамын,

Тамсандырар бал дәмім

Жерге сілкіп түсірме

Ісіп кетер маңдайым.

Сәбіз

Өсіретін бойыңды

Дамытатын ойыңды.

Қоянға да азықпыз,

Сәбіздерміз жазықсыз.

Пияз

Асханадан шықпаймын,

Атым пияз, бұқпаймын.

Көзден жасты шығарам.

Тұмаудан бірақ сақтаймын.

Картоп

Картоп біздің атымыз

Жер астында жатырмыз

Бір тамырдан тараған,

Ағайынбыз бәріміз.

Алмұрт

Тіл үйірген алмұртпын

Таңсығымын бар жұрттың

..ксы өсіре алмайды,

..раса егер салғырт кім.

Қызанақ

Тал шыбығым бұралып,

Бақшаларда қызарып

Тұрған ол мен қызанақ

Күнге қарап ұялып.

Шие

Мен моншақты шиемін

Құмарсыңдар білемін

Кетіп қалып жүрмесін

Тамағыңа сүйегім

Бағбаншы: Балалар мен бір ойын білемін , бірге ойнайық.

Ойынның аты: «Көкөністер»

(Әуен: Жел мен жаңбырдың дауысы.)

Күз бен жел кіреді:

Күз. Маған көмектесіңдер, көмектесіңдер.

Әуен: Сиқырлы

Жел: Ахалай, махалай суф !Күзді ұйықтатып тастайын.Қара бұлтымен күзді жауып тастайды.

Бағбаншы: Желдің артынан қуады.

Жүргізуші: Жел сен неге күзді сиқырлап тастадың

Бағбаншы: Күз бізге керек, оны балалар тосып отыр.

Жел: мен мықтымын, мен шапшаңмын мен күзді сыйқырлап тастадым.

Жүргізуші: Біздің балаларда шапшаң! Ондай болса ойын ойнап, шапшаңдығымызды көрсетейік.

Ойын: «Тауық пен әтеш»

Екі баладан ортаға шығып, музыка әуені аяқталғанша тауық – қызыл бұршақ, ал әтеш – ақ бұршақ дәнін жинау керек. Қайсысы көп жинаса соның жеңіске жеткені болады.

Бағбаншы: Әне, көрдің бе, біздің балалар қандай шапшаң?

Жел: жарайды сендер мықтысыңдар,сендер шапшаңсыңдар, сендер жеңдіңдер.





ЖШС «Венера» балабақшасы

# Ертеңгілік

## Тақырыбы: Қош бол балабақша!

Тұлпар ересек топ

Тәрбиеші: Тлегенов А.Т

Орал 2025 жыл

Бекітемін 26.05.2025

Детский сад ВЕНЕРА

Балабақшамен қоштасу сценари

Кіріспе

Жүргізуші: Құрметті! Ата- аналар, қадірлі қонақтар! Бүгінгі мерекелік концертімізге қош келдіңіздер! Мінекей, көптен күткен осы сәтте келіп жетті.

Балаларымыз ер жетіп балабақшамен қоштасып, мектеп табалдырығын аттап, үлкен өмірге бір қадым алға баспақшы. Ендеше, Тұлпар мектеп алды даярлық тобының балабақшамен қоштасу кешін бастайық.

Өтті қызық көп күндер,

Алты жасқа жеттіңдер,

Барасыңдар мектепке

Бір белестен өттіңдер.

Өсті міне бойларың,

Өсті міне ойларың,

Қуанышқа ортақпын

Құтты болсын тойларың.

Ендеше бүлдіршіндерімізді ортамызға шақырып, өнерлерін тамашалайық.

Тобымыздың ең батылды, қайсарлы да ер мінезді Алдиярды қошеметтеп қарсы алайық.

Ақ көңілді, жайдары Алиді қарсы алайық.

Шуақ шашып ашық күн!

Нұрлы жүзді, көңілді

Қарсы алайық Нұрғалиді бүгін!

Шапшаң қимыл, шын талап,

Білімімен сыйлы санат.

Қошемет көрсетіп Рамилыімізді ортаға шақырайық.

Жарқырайды жанар көзі,
Сахынаға шақырамыз
Қошеметпен Алексті.

Өзі салмақты да сабырлы баламыз Эмирді ортамызға шақырайық

Сәлем гүлдей жайнаған балғындарым,
Бақшамыздан тәрбие алғандарым.
Енді міне ер жетіп бәрің бірге,
Достарыңмен мектепке барғандарың.

Балаларым, балапан, балғындарым,
Кілең беске оқыңдар жақындарым.
Аттаныңдар жұптарың жасылмасын,
Ешқандайда қиындық жолықпасын.

Тақпақ
Алдияр. Құшағында жарқылдап,
Өтті сәби күндерім,
Мектепке барам мен енді,
Даярлық топ қош енді.

Эмир. Қуан, шаттан алақай,
Қуанатын күн бүгін.
Ата анамыз қуансын,
Ер жетті деп бөбегім.

Али. Тәрбие берген ұямыз,
Тәртіпті бала боламыз.
Қоштасып даярлықпенен,

Біріншіге барамыз.

Нұрғали. Шықтық бүгін алға енді,
Даярлық топ қош енді.
Қадам бастық есейіп,
Қызық өмір алда енді.

Рамиль. Бал татиды әніміз,
Мың бұралған биіміз.
Сіздерге бізден мың алғыс,
Сіздерден білім алдық біз.

Ойын.Заттарды ретімен орналастыру.(ата-анамен)

Мектеп ана шақырады бізді алдан,
Алдымызда әлі талай сан арман.
Қоштассақта балабақша сенімен,
Санамызда өзің берген өнегең.
Би;
Ойын
Міне енді сендер балабақшадан кеткелі тұрсыңдар, енді сендердің бастарың ешқашан қосылмайды. Сондықтан соңғы қоштасу вальсімізді билейік.
Вальс аналарымен
Ақ тілекті ағытып біз тастайық,
Қоштасатын әнімізді бастайық.
Әдеппенен өнегеге үйреткен,
Бақшамызды есімізде сақтайық.
Хор. Қимай тұрмын
Диплом табыстау.
Қорытынды


ҚОШ БОЛ
БАЛАБАҚША


ҚОШ БОЛ
БАЛАБАҚША





ЖШК «Венера» балабақшасы

# Ертеңгілік

Тақырыбы: 22 Наурыз

Армысың әз наурыз!

Балапан кіші топ

Тәрбиеші: Бисенова А.А

Тараз 2025 жыл

...аурыз Армысың әз наурыз .

Наурыз» әні әуенімен балалар залға келеді, төрде әже күтіп алады..

Әже: Қош келдіңдер , менің кішкентай немерелерім! Келіңдер жоғары шығыңдар ! Мереке құтты болсын! Қайырлы күн құрметті ата—аналар!

Жүргізуші: Армысыздар құрметті қонақтар, амансызба әже! Ұлы Наурыз мерекесі құтты болсын! Күлімдеген көктеммен қазақ даласына Жаңа жыл келді! Жаңа жылда армандарыңыз орындалсын!Ақ мол болсын! Бақшамыз әнмен жырға толсын! Балалар, міне әжеміздің үйіне де келдік! Қараңдаршы, қандай керемет!

Әже: Ал балалар, бүгінгі мерекеге қандай сыймен келдіңдер, әндеріңді айтып , мерекеде көңіл көтерейік!

Ән «Наурыз келді!» (Ж.Қалжанова) хор

Әже: Жарайсыңдар балалар! Өркендерің өссін! .

Жүргізуші: Келе жатыр жылымыз!

Мейрамдаймыз мұны біз!

Халқы сүйген мейрамды,

Қарсы алайық Наурызды!

( Наурыз ару келеді)

Әже: Уа халайық, халайық!

Ақ сандықты ашайық!

Бұл мереке , бұл тойдың,

Шашуларын шашайық! (шашу шашады)

Би «Текемет »

Жүргізуші: Керемет! Тойымыз тойға ұлассын деп , енді Наурыз аруымызды тыңдайық!

Наурыз ару: Сәлем барша халқымыз!

Жайнатамын бар гүлді,

Сайратамын бұлбұлды!

Тіршіліктің бастауы

Наурыз айы мен болам!

Жүргізуші: Қош келдің, Наурыз ару! Өздерінізге арнаған жырымызды қабыл алыңыздар!

Әже: Көп рахмет! Балалар, бүгінгі күн ерекше күн! Ертеде бұл күні ата-аналарымыз жақсы киінің алып, бір-бірінің үйіне қонаққа барады! Және мерекенің жалғасы әнмен биге, көңілді ұлттық ойындарға жалғасқан екен! Сендер маған тамаша өнер көрсеттіңдер, менің де сендерге әкелген сыйым бар! (қоржыннан асықтарын алып, шашады)

Ойын «асық жинау »

. Мақсаты: жылдамдыққа,ептілікке тәрбиелейді)

Әже: Керемет! Балалар, мерекені жалғастырып, бізге би билеп беріңдеші

Би «Боз жорға»

Балалар сендермен өте қызық болды,

Жүргізуші: «Ойын ойнап өсер бала бола ма?» – демекші келесі кезеті

Ойын «Киіз үй»

(шарты: ортаға орамал жайылады, қыздар жағалай тұрады, әуен ойнағанда билей жөнеледі, әуен тоқтағанда орамалдың шетінен ұстап көтереді.Мақсаты: ұйымшылдыққа,ептілікке тәрбиелеу)

Жүргізуші: Ал келесі кезекте, ата-бабамыздан келе жатқан салт-дәстүр көрініске берейік!

Салт-дәстүр көрсету «тұсау кесер»

Жүргізуші: Ал балалар, мерекемізді ары қарай жалғастырайық!

Ойын "Анамның кестесі"

Қыздар жиналып отырып кесте тігеді

Қыдыр ата: Армысыздар ағайын!
Ұлыс оң болсын!
Ақ мол болсын!
Ұлыс береке берсін!
Бале-жала жерге енсін!
Қайда барсаң жолың болсын! Аумин!

Жүргізуші: Айтқаныңыз келсін!
Денderіңіз сау, мықты болсын!
Наурыз тойы келе берсін!
Барша жұрт бақытты болсын!

Еліміздің несібесі көп болсын!

Көріскенше күн жақсы болсын!-деп ертеңгілігізді аяқтаймыз! «Наурыз-думан» әуенімен топқа балалар қайтады.





ЖШС «Венера» балабақшасы

Детский сад «ВЕНЕРА»

# Ертеңгілік

Тақырыбы: 22 Наурыз

Қош келдің, әз наурыз!

Сұңқар орта топ

Тәрбиеші: Айбек Ж.А

Орал 2025 жыл

**Сценарий тақырыбы: «Қош келдің, әз Наурыз!»**

Мақсаты:

•Балаларға Наурыз мейрамы туралы мағлұмат беру.

•Ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу арқылы патриоттық тәрбие беру.

•Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Көрнекіліктер:

•Наурыз мерекесіне арналған суреттер, киіз үй макеті, ұлттық бұйымдар, шарлар, дөңгелек үстел, бесік.

Сценарий барысы:

1.Ұйымдастыру кезеңі:

•Балалар ұлттық киімдермен безендірілген залға кіреді.

•Әсем әуен ойнап тұрады.

2.Жүргізушінің сөзі:

•Құрметті қонақтар, ата-аналар, балалар! Бүгінгі «Қош келдің, әз Наурыз!» атты мерекелік шарамызға қош келдіңіздер! Наурыз – жаңа күн, көктемнің келуі, табиғаттың жаңаруы. Бұл мереке халқымыз үшін ерекше мәнге ие.

3.Әже мен Наурыз қыздың келуі:

•Әже: «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!» деп шашу шашады.

•Наурыз қыз: «Наурыз тойы – береке, наурыз тойы – жыр аңыз. Қызық думан көріңіз!»

4.Балалардың тақпақтары:

•Балалар кезекпен Наурыз туралы жаттаған өлеңдерін оқиды.

Мысалы:

•1-бала: «Кел, балалар, ойнайық, Наурыз тойын тойлайық!»

•2-бала: «Наурыз келді, гүлденді даламыз, Қуанышқа бөленді санамыз.»

5.Ұлттық би:

•Қыздар «Қаражорға» биін орындайды.

6.Салт-дәстүр көрсету:

•«Бесікке салу» дәстүрін көрсету. Бір бала бесікке салынып, әже әлди айтып, бесікті тербетеді.

7.Ұлттық ойындар:

•«Арқан тарту», «Қыз қуу» сияқты ойындар ұйымдастырылады.

8.Қорытынды:

•Жүргізуші: «Міне, балалар, бүгін біз Наурыз мерекесін атап өттік. Бұл мереке бізге бірлік пен татулықты, жаңару мен жасаруды білдіреді. Келе жатқан жыл баршамызға құт-береке әкелсін!»

•Барлығы бірге «Наурыз» әнін орындайды.





ЖШС «Венера» балабақшасы

# Ертеңгілік

Тақырыбы: 22 Наурыз

Қош келдің, әз наурыз!

Гүлдер ересек тобы

Тәрбиеші: Елесбаева А.Т

Арыс 2023 жыл

**Сценарий тақырыбы: «Қош келдің, әз Наурыз!»**

Мақсаты:

•Балаларға Наурыз мейрамы туралы мағлұмат беру.

•Ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу арқылы патриоттық тәрбие беру.

•Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Көрнекіліктер:

•Наурыз мерекесіне арналған суреттер, киіз үй макеті, ұлттық бұйымдар, шарлар, дөңгелек үстел, бесік.

Сценарий барысы:

1.Ұйымдастыру кезеңі:

•Балалар ұлттық киімдермен безендірілген залға кіреді.

•Әсем әуен ойнап тұрады.

2.Жүргізушінің сөзі:

•Құрметті қонақтар, ата-аналар, балалар! Бүгінгі «Қош келдің, әз Наурыз!» атты мерекелік шарамызға қош келдіңіздер! Наурыз – жаңа күн, көктемнің келуі, табиғаттың жаңаруы. Бұл мереке халқымыз үшін ерекше мәнге ие.

3.Әже мен Наурыз қыздың келуі:

•Әже: «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!» деп шашу шашады.

•Наурыз қыз: «Наурыз тойы – береке, наурыз тойы – жыр аңыз. Қызық думан көріңіз!»

4.Балалардың тақпақтары:

•Балалар кезекпен Наурыз туралы жаттаған өлеңдерін оқиды.

Мысалы:

•1-бала: «Кел, балалар, ойнайық, Наурыз тойын тойлайық!»

•2-бала: «Наурыз келді, гүлденді даламыз, Қуанышқа бөленді санамыз.»

Ұлттық би:

•Қыздар «Қаражорға» биін орындайды.

6.Салт-дәстүр көрсету:

•«Бесікке салу» дәстүрін көрсету. Бір бала бесікке салынып, әже әлди айтып, бесікті тербетеді.

7.Ұлттық ойындар:

•«Арқан тарту», «Қыз қуу» сияқты ойындар ұйымдастырылады.

8.Қорытынды:

•Жүргізуші: «Міне, балалар, бүгін біз Наурыз мерекесін атап өттік. Бұл мереке бізге бірлік пен татулықты, жаңару мен жасаруды білдіреді. Келе жатқан жыл баршамызға құт-береке әкелсін!»

•Барлығы бірге «Наурыз» әнін орындайды.







ЖШС «Венера» балабақшасы

# Ертеңгілік

Тақырыбы: 8 Наурыз!

Сұңқар орта топ

Тәрбиеші: Айбек Ж.А

Орал 2023 жыл

Сценарий барысы

1. Кіріспе бөлім

(Жүргізуші ортаға шығады.)

Жүргізуші:

– Құрметті аналар, әжелер, қонақтар! Бүгінгі 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік кешімізге қош келдіңіздер! Бұл күн – көктемнің шуақты күні, бұл күн – аналарға деген құрмет күні.

Біз ғана емес, кадір тұтқан бабалар.

Аналардан туған небір даналар.

Ана деген тіршіліктің тірегі,

Армысыздар, касиетті аналар!

Кеш жарық, кымбатты ұстаз - аналар, арулар! Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып, тағы да 8 - наурыз халықаралық әйелдер күні келді. Осынау көркем мерекенің кай кезде де орны бөлек. Олай болатыны, аналарға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешкашан сөнбек емес. Олар - өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі. Бүгінгі арайлап атқан нұрлы таңмен бірге әрбір сәби жүрегі өзің деп соқса, бүгінгі мерекелік кешіміз де аналарға арналады.

Десек те уақытпенен жарыспайды,

Қияға қиялменен карыштайды.

Балалар шын жүректен тебіреніп

Өнерлерін анаға бағыштайды

2. Өлең оку

Балалар кезек-кезек аналарға арналған өлеңдерін окиды.

3. Ойын «Сөзді құрастыр»

Ойын шарты:

4. Би «Қызғалдақтар»

5. Би Жүрекпен

6. Көрініс «анамның бір күні»

7. Ойын. «Ана мен бала» ойыны

Ойын шарты: Ана баласын еркелету арқылы баласына жетуі қажет . Ж,Қ,М,Т

8. Хор «Ақ мамам»

9.Қорытынды

Ана – барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, тіршіліктің қайнар бұлағы. қазақ әйелінің дастарханы тоқ, қонағы ырза, дүниесі түгел. Олар үшін бірінші орында отбасының берекесі тұрады. Бөбегін бесікке бөлеп, әлдилеп аялаған ана бақыт құшағында емес пе?!

Бір өзіңнен бастап өмір жолдарын,

Жүрегіңе, жүрегімді жалғадым.

Өзің мына сыйға берген өмірде

Ақ сүтіңді ақтап өту - арманым.

Барша ана, құтты болсын мерекеңіз

Әрқашанда ана сізбен берекеміз.

Ақтасақ ақ сүтіңді, асыл анам.

Сонда біз кісілікке теңесеміз.

Құрметті қонақтар, біздің бүгінгі шағын ғана мерекелік кешіміз өз мәресіне жетті. Шуақты күндерде кездескенше!


НАУРЫЗ


НАУРЫЗ


НАУРЫЗ

ЖШС «Венера» балабақшасы

# Ертеңгілік

## Тақырыбы: 8 Наурыз!

Тұлпар ересек топ

Тәрбиеші: Тлегенов А.Т

Орал 2025 жыл

Сценарий барысы

1. Кіріспе бөлім

(Жүргізуші ортаға шығады.)

Жүргізуші:

– Құрметті аналар, әжелер, қонақтар! Бүгінгі 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік кешімізге қош келдіңіздер! Бұл күн – көктемнің шуақты күні, бұл күн – аналарға деген құрмет күні.

– Қадірлі аналар, сіздерге деген алғысымыз шексіз. Балаларыңыз сіздерді қуантып, мейірімге бөлесін! Бүгін сіздерге ортаңғы топ бүлдіршіндері ән айтып, би билеп, өз өнерлерін көрсетеді.

2. Өлең оқу

Балалар кезек-кезек аналарға арналған өлеңдерін оқиды.

3. Ойын «балаңызды дауынан таны»

Ойын шарты: Аналар артқа қарап тұрады, балалары бір бірлеп аналарын «анашым», «мама» деп шақырады. Аналар өз балаларын дауысынан тану керек.

4. Би «Қызғалдақтар»

5. Би Жүрекпен

6. Көрініс «анамның бір күні»

7. Ойын. «Ана мен бала» ойыны

Ойын шарты: Ана баласын еркелету арқылы баласына жетуі қажет

8. Хор «Ақ мамам»

9.Қорытынды

Бүгінгі ертеңгілігіміз соңына жетті. Баршаңызға рахмет. Әйелдер қауымы сіздерді мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Жүздеріңізден күлкі кетпесін, жадырап, жайнап жүріңіздер. Қош сауболыңыздар!


8
НАУРЫЗ


8
НАУРЫЗ


8
НАУРЫЗ

ЖШС «Венера» балабақшасы

# Ертеңгілік

## Тақырыбы: 8 Наурыз аналар күні

## Аяулы анашым!

Балапан кіші топ

Тәрбиеші: Бисенова А.А

Орал 2025 жыл

**...ыз аналар күні**

**...ы анашым**

...лар әсем әуенмен, әдемі безендірілген залға қолдарына гүл шоқтарын ұстап бірінің соңынан бірі кіреді.

Жүргізуші: Қымбатты балалар, аяулы аналар, ақ жаулықты әжелер, сіздерді көктем мерекесімен, 8-наурыз аналар мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге зор денсаулық, осы кішкентай бүлдіршіндеріңіздің қызығына тоймай жүре берулеріңізге тілектеспін!

Бала, бала, бала деп,
Түнде шошып оянған.
Түн ұйқысын төрт бөліп,
Түнде бесік таянған.
Қолын қатты тигізбей,
Кірлі көйлек кигізбей,
Иісін жұпар аңқытқан.
Бұл кім екен балалар?

Балалар: Ана, Ана, Ана.
Жүргізуші:Аялаймыз ананы,
Құрметтейміз, бағамыз.
Сіздер үшін аналар,
Шырқап әнге саламыз.

Ананың әрбір сөзі жылылыққа толы. Ананың көз нұры тастай мұзды да жібітеді. Аяулы аналар, сіздерге деген балаларыңыздың жылы елбіздерін қабыл алыңыздар.

Осы кезде есік қағылып, әсем әуен ырғағымен ару Көктем келеді.

Ару Көктем: Сәлем, сәлем, балақайлар,
Әзиз әже, наздь аналар.
Қуаныңдар алақайлап,

...тар әнін ала келдім.

Жерге кілем жаба келдім.

Жан бітіріп табиғатқа,

Гүлдерімді ала келдім.

Сәлеметсіңдер ме балалар! Мерекелеріңіз құтты болсын аяулы аналар!

Жүргізуші: Сәлеметсіз бе ару Көктем! Қош келдіңіз! Сіз отырып біздің балалардың.

Ән<<Анашым ау>>

Ару Көктем: Балалар сендер әнді де жақсы айтады екенсіңдер, рахмет сендерге балалар! Балалар менімен ойын ойнағылары келеді ме?

Балалар: Әрине.

Ару Көктем: Балалар мен сендерге әсем гүл шоқтарын жинап алып келдім. Осы гүл шоқтарымен «Қай топ жылдам, әрі тапқыр» ойынын ойнаймыз.

Ойын: «Қай топ жылдам, әрі тапқыр?» (балалар жерде өсіп тұрған гүлдерді түстеріне қарай топтап жинап, жоғары көтеріп тұра қалулары керек)

Жүргізуші: Балалар сендер жақсы ойнадыңдар, енді орнымызға отырып биді тамашалаймыз. Біздің қызғалдақ қыздарымыз аналарына арнап би билеп береді.

Би: «Қуыршақ би»

Жүргізуші: Жақсы балалар, енді аналарымызға, әжелерімізге, апайларымызға, ару қыздарымызға арнап біздің сымбатты ұлдарымыз билеп береді. Қабыл алыңыздар!

Би: «Гүл шоқтары» (ұл балалар билейді)

Ойын: «шарды түсірмей түймелерді тағу» (ата -аналар ортаға шығып рубашка киіп шарды жоғары лақтырып жерге түсірмей түймелерді тағуы керек.

Жүргізуші: Енді балалар өздеріміз қолдан жасаған сыйлықтарымызды аяулы аналарымызға, әжелерімізге, апаларымызға таратып берейік.

Енді ұлдарымыздың қыздарға арнайы жасаған сыйлықтарын тарту етсін

Құрметті ата-аналар, ақ жаулықты әжелер, апайлар осымен біздің «Аяулы анашым» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Қош, сау болыңыздар!


8
НАУРЫЗ


НАУРЫЗ

ЖШС «Венера» балабақшасы

# Ертеңгілік

## Тақырыбы: Келді жаңа жыл!

Балапан кіші топ

Тәрбиеші: Бисенова А.А

Орал 2024 жыл

...ы: Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау, шыршаның қандай әдемі де сәнді ...ірілгеніне, балалардың Аяз атаның, Ақшақардың, Қоянның киімдеріне назар ...рту. Көңілді ойындар ойнату, достық қарым–қатынас ояту, бірлескен ойындар ...нату.

...тысушылар: Аяз ата, Ақшақар, қоян, клоун, балалар, ата–аналар.

Музыка ойнап тұрады.

Жүргізуші: Армысыздар, ата-аналар, аяулы ұстаздар! Сәлеметсіздер ме балалар! Сендер бүгін сәнді киініп, әдемі болып кетіпсіңдер, мына жерде орман аңдары да, сүйікті ертегілеріміздің кейіпкерлері де келіпті. Ал, бүгін балалар қандай мереке?

Балалар: Жаңа жыл.

Жүргізуші: Жарайсыңдар! Жаңа жылдық ертеңгілігімізді ашудағы құттықтау сөзді балабақша директоры Жанат Нұрдәулетқызына береміз.

Балалар бүгін біз жаңа жылды қарсы алуға жиналдық. Қараңдаршы, ортамызда әдемі шырша тұр. Келіңдер осы шыршаның қасында тұрып, ән салайық.

Ән: «Ормандағы шырша».

Жүргізуші: Шыршамыз қандай әдемі! Ойыншықтары неткен көп! Қане, балалар осы шырша туралы тақпақ білесіңдер ме?

Балалар: Иә

Жүргізуші: Олай болса тыңдайық.

Айбатыр: Жасыл шырша орманнан

Бізге арнайы келіпті

Ойыншығын балалар

Шыршаға әсем іліпті.

Санжар: Тамаша, тамаша

Шыршамыз тұр жараса

Басында әсем жұлдызы

Көз тоймайды қараса.

Жүргізуші: Жарайсыңдар бәрекелді! Қараңдар балалар, шыршаның астында бір нәрсе тұр! Сыйлықтар! Сыйлық алу қандай тамаша! Келіңдер балалар сыйлықты ашып көрейік! (қорапша ішінен клоун шығады).

Клоун: Амансыңдар ма, балалар! Иә, бұл менмін! Мені ораудан алып шыққандарың қандай жақсы болды! Ол жерде тар әрі қараңғы екен! Ал мұнда қандай тамаша!

сендермен жаңа жылды қарсы алайықшы, сендермен бірге қызықты ойын ...ам боламa?

...алар: Ия

...йын: «Кім тез шиманы киеді?»

Жүргізуші: Балалар, бізде шыршамыз бар, әдемі киінген балалар бар, бірақ бізге жаңажылдық мерекемізге кім жетпейді?

Балалар: Аяз ата, Ақшақара

Жүргізуші: Кәне, бәріміз бір дауыспен айқайлап Аяз ата мен Ақшақарды шақырайық! (Аяз ата деп айқайлағанда ішке қоян келеді)

Қоян: Ойбай, түрлерін қара! Неге тамақтарыңды жыртып жатсыңдар?

Жүргізуші: Ал сен неге амандаспайсың? Әдепті адам алдымен амандасып алады дегенді білмейсің бе?

Қоян: Білсем бұйырмасын.

Жүргізуші: Мұны тіпті мына бүлдіршіндеріміз біледі. Ал саған тіпті ұят. Саған ешкім үйреткен жоқ па?

Қоян: Жоқ.

Жүргізуші: Сен өзі мұнда қайдан шықтың? Біз Аяз атаны шақырған едік қой.

Қоян: Ал мені неге мерекеге шақырмайсыңдар? Аяз ата сендерге бәрібір келмейді. Өйткені, мен ормандағы жол көрсететін белгіні алып тастадым. Енді ол жол таба алмайды.

Жүргізуші: Неге олай еттің? Аяз атасыз қандай жаңа жыл өтпек?

Қоян: Онда сендер мені жаңа жыл мерекесіне қатырсаңдар, мен жол көрсетемін. Белгіні орнына қойып қояр едім.

Жүргізуші: Жақсы жарайды. Бір қателігіңді кешіреміз. Ал, сен қоян білесің бе? Біздің балаларымыз ақылды екені сонша, тіпті сен туралы әнде біледі. Сен тыңда, саған арнап ән айтайық.

Ән: Ұзын құлақ сұр қоян.

Қоян: Ой жарайсыңдар, рахмет сендерге. Сендер мені кешіріңдерші я балалар! (осы кезде боранның гүі естіліп, қоян тоңа бастайды. Шыршаның астына тығылады.) Алыстан аяз атаның даусы естіледі.

Жүргізуші: Аяз ата, Ақшақар келе жатыр ғой деймін. Шақырайық, қол соғайық, болған қиындықтарды ұмытайық.

Балалар: Аппақ тонға оралып

Базарлықты мол алып

...лыс сапардан

...ата оралып.

...з ата, Ақшақар!

Аяз ата: Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Күнтізбеде қалыпты жалғыз ғана бір парақ

Дайындалдым жыл бойы

Қуаныш сыйлау балаға

Одан зор бақыт бола ма?

Сендерді көргеніме сондай қуаныштымын. Балалар мына шыршамыз көңілсіз тұрған сияқты ғой. Қане, сиқырлы сөздерімізбен шамдарын жарқыратайық. Балалар хормен: Қуант бізді таңырқат

Шамдарыңды жарқырат.

Жүргізуші: Аяз ата, сіз шаршаған шығарсыз, балалар сізге әндерін айтып берсін, сәл тынығып алыңыз.

Ән: Аяз ата

Аяз ата: Ой қандай жақсы. Балалар сендер тақпақ та айта аласыңдар ма?

Алмаз: Аспан жерге төгеді

Ақ күмісін уыстап

Жаңа жылда келеді

Бізге қарай жылыстап.

Самина: Жаңа жылдың есігін

Ащы тәтті несібін

Ашып берер ақсақал

Аяз ата есімі.

Аяз ата: Бәрекелді, бәрекелді!

Ақшақар: Балалар, бізге көрсетер тағы қандай өнерлерің бар?

Жүргізуші: Ой аяз ата, ақшақар, біздің балалар тақпақтарын есіне түсіре алмай тұр, бірақ би билеуден қалыс қалмайды. Сүйкімді балалардың биін бірге тамашалайық.

Би: Раз ладошки

...а: Жарайсыңдар! Ақшақар қызым тақпақ айтқан балаларға сыйлық берейік.

...шақар: Көңілсіз бір бала жоқ

...йын күлкі таралсын

Құтты болсын, құтты болсын Жаңа жыл!

Ағылшын тілінде би: Happy new year.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар ата аналар! Осымен біздің «Құтты болсын Жаңа жыл» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Жаңа жыл жаңа бақыт, табыс, шаттық сыйласын! Бақытты болайық, бай болайық, келер жылы кезіккенше аман-сау болайық!





ЖШС «Венера» балабақшасы

# Ертеңгілік

## Тақырыбы: Қысқы ертегі әлемі!

Сұңқар орта топ

Тәрбиеші: Айбек Ж.А

Орал 2024 жыл

...ңғы топқа арналған жаңа жылдық сценарий

**Тақырыбы: "Қысқы ертегі әлемі"**

Мақсаты: Балаларды Жаңа жыл мерекесінің қуанышына бөлеу, шығармашылық қабілеттерін дамыту, мерекелік көңіл-күй сыйлау.

Қатысушылар: Ортаңғы топтың балалары, тәрбиеші, Аяз ата, Ақшақар, басқа кейіпкерлер (қоян, түлкі, аю, т.б.).

Сценарий барысы

1. Кіріспе бөлім

(Зал мерекеге сай безендірілген. Балалар әсем әуенмен шыршаның айналасына жиналады.)

**Тәрбиеші:**

– Құрметті қонақтар, ата-аналар және кішкентай достар!

Бүгін біз бәрімізді біріктірген ерекше күн – Жаңа жыл мерекесі!

Қыс келді, айнала ақ ұлпа қар жамылып, сиқырлы әлемге айналды.

Ендеше, Жаңа жылды бірге қарсы алайық!

**Балалар:**

(Өлең айтып, шырша айналып жүреді.)

Өлең:

Шыршамыз әдемі, жасыл киім киеді,

Ойыншықтар тағынып, бізді қуантады!

2. Ақшақарды қарсы алу

(Есіктен Ақшақар кіреді.)

**Ақшақар:**

– Сәлеметсіңдер ме, балаларым!

– Аппақармын, сендерге қысқы ертегі әкелдім.

Шыршамыз қандай әдемі! Бірақ бір нәрсе жетіспейді… (ойланып).

Балалар, біз шыршаның шамдарын жағуымыз керек. Қане, бәріміз бірге:

"Шырша, жан, жан, жан!" – деп айтайық.

(Балалар бірге айтады, шыршаның шамдары жанады.)

3. Қысқы кейіпкерлерді шақыру

(Орманнан қоян, түлкі, аю сияқты кейіпкерлер шығады.)

**Қоян:**

– Мен секіргіш қоянмын, сендерге би билеп беремін!

(Қоянның биі. Балалар қоянмен бірге би қимылдарын қайталайды.)

**Түлкі:**

– Мен әдемі түлкімін, сендерге жұмбақ жасырамын:

"Қыста ғана киім киеді,

Ал жазда тастап жүреді." (Жауабы: ағаштар.)

4. Аяз атаны қарсы алу

(Қоңыраудың үні естіледі. Аяз ата кіреді.)

**Аяз ата:**

– Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Мен сендерге алыс-алыс жерден келдім. Сендердің әндерің мен билеріңді естіп қуанып келдім. Қане, маған өз өнерлеріңді көрсетіңдер!

(Балалар кезек-кезек тақпақтар айтып, би билейді.)

Балалардың тақпақтары:

1. Жаңа жылым, жаңа әнім,
   Қуант мені, Жаңа жыл!
2. Аппақ қардай көңілім,
   Жарқын болсын өмірім.

Ойындар

1."Қар жинау" ойыны: Балалар екі топқа бөлініп, "қар түйіршіктерін" (доптар) жинайды.

2."Қар лақтырайық" ойыны: Балалар қаптарға жиналған қарды себетке лақтырады.

6. Қорытынды бөлім

(Аяз ата мен Ақшақар балаларға сыйлық таратады.)

**Аяз ата:**

– Рахмет, балалар, өнерлерің керемет екен!

Жаңа жыл тек жақсылық әкелсін! Аман болыңдар, бақытты болыңдар!

**Ақшақар:**

– Сау болыңдар, кішкентай достар! Келесі Жаңа жылда кездескенше!

(Барлығы бірге шырша айналып, көңілді ән айтып, қоштасады.)

Ән: "Жаңа жыл, Жаңа жыл!"






ЖШС «Венера» балабақшасы

# Ертеңгілік

## Тақырыбы: Қош келдің жаңа - жыл!

Тұлпар ересек топ

Тәрбиеші: Тлегенов А.Т

Орал 2024 жыл

…ты: Балаларды қонақжайлылыққа үйрету, мерекелік көңіл-күй сыйлау.

…іпкерлер: Жүргізуші, Аяз ата, Ақшақар, Тәтті қыз.

Көрнекіліктер: Ақ ұлпа қарлар, тәтті кәмпиттер, корзина, сыйлықтар.

Музыка әуенімен балалар қолдарына жылтыр қарлармен би қимылдарын жасап кіреді,билеп болған соң жарты шеңбер болып, шыршаның қасына барып тұрады.

Жүргізуші:- Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар! Сіздерді келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз.

Келді тағы Жаңа жыл,
Қуантумен біздерді
Құтты болсын мереке,
Құттықтаймыз сіздерді.

Жүргізуші:- Балалар, қараңдаршы, біздің бөлмеміз әдемі безендірілген, біз бүгін Жаңа- жыл мерекесін тойлаймыз. Бізге көптеген қонақтар келіпті, шыршаға әдемі ойыншықтар іліпітті.

Жүргізуші:-Балақайлар, қараңдаршы шыршамызда қаншама ойыншықтар, тәтті кәмпиттер ілінген. Осы әсем шыршамызға әдемі әнімізді тарту етеміз.

Ән: «Қысқы ән»(орындыққа отырғызу)

Арғы жақтан есік қағылады.

Жүргізуші:- Балалар мерекемізге қонаққа келген сияқты.

Аяз ата мен Ақшақар кіріп келеді.

Аяз- Ата: Амансыңдар ма, балалар?

Сәлеметсіңдер ме, қонақтар?

Балаларым, балғыным

Өмір гүлім шалғыным.

Тілегенім жыл бойы,

Сендердің денсаулықтарың!

Ақшақар:- Балалар, мені таныдыңдар ма? Мен Аяз атаның немересі Ақшақармын!

Аяз-ата- Ой, балалар шыршалырың қандай әдемі, керемет!

Ақшақар:қандай керемет менің ұлпадай аппақ сіңлілерім келіп қалыпты,сендермен би билегім келіп тұр. Келіңдер ортаға билейік.

Жүргізуші:аяз ата сіз ұзақ жолдан шаршаған боларсыз, отырып демалыңыз. Ал, ақшақар біздің аппақ қыздарымызбен би билеп көңіл көтерсін.

«Ұлпа карлар» /кыздар биден соң карларды жерге шашып тастайды/

Ақшақар:- Балалар қарандаршы айналамызда қаншама ұлпақарлар шашылып жатыр. Қанекей бәріміз карларды жинап, шыршаның айналасын безендірейік!

Ойын: «Ұлпақарлар жинау»

Ойынның шарты: Балалар ұлпа карларды жинап, шыршаның түбіне қояды.

Ақшақар:-Жарайсыңдар балалар,бір сергіп калдык. Ой, кандай керемет шырша!!! Қаншама жалтыраған ойыншықтары көп. Бірақ шамдары жанбай тұрғой.? Келіндер балақайлар бірге шамдарын жағайык.

Ойын: «Шыршаның шамдарын жағу»

Ойынның шарты: Ақшакар балалармен қол соққанда шырша шамы жанады. Ал, үрлеген кезде шырша шамы сөнеді. Ойынды үш рет қайталау. /Ойынның шартын акшакар түсіндіреді және ойнатады/

Жүргізуші: Қане балалар енді әдемі,әсем шыршамызға әнімізді арнайык.

Ән хоровод: «кішкентай шыршамыз»

Жүргізуші: Балалардың такпақтарына кезек берейік.

Такпактар: тәрбиеші өзі табады

Осы кезде Аяз ата ұйықтап шыршаның қасында отырады.

Акшақар:- Балалар қараңдар Аяз ата ұйықтап калды. Ол алыстан келеміn деп әбден шаршаған ғой. Ой, балалар тыныш, тыныш. Қасына барайық, келіңдер жақындайық. Қанекей балалар Аяз атаны оятайық.

Ойын: «Аяз атаны ояту»

Ойынның шарты: Қане балалар қолымызды қатты соғып, аяғымызды топылдатайықшы аяз ата ұйықтап қалыпты. Алақанымызбен каттырақ соғайык. /Ойын 3 рет қайталанады/

Аяз ата:-(оянып кетеді)

Жүргізуші:- Келіңдер балақайлар! Аяз атаны ортаға алып ән айтайык.

Ән: «Аяз ата-акша кар»

Аяз- ата: Тамаша, керемет. Жарайсыңдар балалар бүгін сондай куанышты мереке болды.

Акшақар: Аяз-ата сіз ештеңе ұмытып кеткен жоқсыз ба?

ата- Жоқ мен ештене ұмытқаным жоқ. /ойланып/ Балалар ән айтты, балалар мен ге шыршаның шамын жақтым, тақпақтарын тыңдадым, ойын-ойнадық. Жоқ ештеңе ытқаным жоқ.

Ақшақар- Балалар айтыңдаршы Аяз-ата сендерге не беруі керек?

Балалар- Сыйлықтар!!!

Аяз ата:- Ой, ой, ой кәрі басым-ай, балаларға сыйлықтарын беруді ұмытып кетіппін ғой. Қане қызым Ақшақар алып кел сыйлықты.

Ақшақар: Ой Аяз ата мында біреу бар ғой. /артқа қарай шегінеді/

Жүргізуші:/жақындап/ ой мында тәтті қыз ғой отырған. Келе ғой тәтті қыз, қорықпа мында біз жаңа жыл мерекесін тойлатып жатырмыз сен мында неге отырсың?

Тәтті қыз: Біз достарымызбен мерекеге келе жатқанбыз, адасып кетіп осы шыршаның астына тығылдық. Міне менің дос кәмпиттерімде бар.

Күн жылынып келеді. Бүгін бізде мерекелік Әз –Наурыз. «Ұлыстың ұлы күні» дейді бұл күнді. Қазақ халқының Әз - Наурыз деген мекересі бар. Бұл біздің халқымыз үшін ең басты мерекелердің бірі, төл мерекеміз. Қазақ халқы Наурызды күн мен түн теңеліп, күн жылынып, қыстың қары еріп жер аягы кеуіп калғанда тойланатын мереке.

Ал балақайлар сендерге карасам бүгін әдемі киініп келіпсіңдер.әдемі қазақтың ұл – қыздары екендеріңді мына әдемі көйлектерің көрсетіп отыр.

**Балалар:**

Рахмет апай.

Айналада тук –тук деген дауыс шығып есікті біреу қағып тұр.

**Тәрбиеші:**

Қане балалар бізге біреу келді ме?

**Балалар**: аң- таң болып қарап күтіп отыр.

**Қыз Наурыз:**

Армысыңдар сүйкімді балақайлар. Күн жылынып менде сендеге келіп калдым. Көктем келді деп қуанып құлпырып жайнап сендерге келіп калдым . Ал сендер менен де әдемі болып отсыңдар! Сендердей әдемі кыздар бір билеп алсам болама.

Қыздар келген қонақпен бір би билейді. Кішентай бикештерге ұнады.

**Тук-тук ,тук-тук.**

**Тәрбиеші:** кім келді тағыда конақ кеп калды бізге балалар. Қыз Наурыз қарап келші кім екен?

Ал, балалар,балалар,

Көктем келді Жанарып.

Құдайы конақ деген мен едім,

Келдім мында қуанып!

Балалар мені қарсы алар ма екен?

**Балалар:**

Әрине, қош келдіңіз!

**Тәрбиеші:**

Қонақ деген құт деген. Құдай қонақ болып келіп қалған әжеміз шаршаған шығар жол жүріп келді ғой.

Құлайы қонақ төрге шықты.

**Тәрбиеші:**

Балалар әжеміз отырып біздің тойымызды тамашаласын ал біз «Бесік тойды» тойлайық.

Балалар **Бесікке салу**- жаңа туылған бала үшін, қасиетті мүлік, алтын ұя болып есептеледі. Қазақ халқында бесікте тербелмеген адам жоқ. Қазіргі коляскалардан қарағанда, бесіктің пайдасы әлде қайда көп. Атам қазақ баланы басқа бесікте тербетпеген. Ал туылған баланы бесікке салу – қазақ халқы үшін мәртебелі, қасиетті дәстүр болып есептеледі. Қазақтар балаларын бесікке жатқан кезінен бастап тәрбиелейтін. Баланың денесі түзу болып өсуіне бесіктің пайдасы көп. Бала шошып, қорқақ болмауы үшін, қазақтар ертеде бүркіттің, қасқырдың, үкінің тұяқтарын бесіктің басына іліп қоятын.

Баланы бесікке салу – салтанатты рәсім. Бұл рәсімді жасау үшін, арнайы **Бесік тойы** өткізіледі. Отырыстан кейін, баланы бесікке салу рәсімі басталады. Баланы бесікке салмас бұрын, баланың бесігіне, жын-шайтан жоламас үшін, адыраспанмен аластайды. Кейіннен баланы бесікке салады.Баланы бесікке елгебеделді, жасы үлкен, көпбалалы, ақ жаулықты әже салу керек. Содан кейін тыштырма жасалынады. Тыштырма дегеніміз – ерекше ырым. Бесіктің тесігінен кәмпит, құртжәне де т.б тәттілер өткізіледі. Жиналған адамдар қолдарын бесіктің астына салады. Өткізілген тәтті олардың алақанына түседі. Бесіктің астына әрбір тәтті зат түскен кезде, бесікке салған адам басқаларға «тыштыма?», деп сұрақты қойды. Жиналған адамдар «тышты,тышты», деп айтады. Осылайша тыштырма ғұрпы, «тыштыма?» деген сөзден шықты.

Енді келіншер мына балапанды әжеміз бесікке салып берсін. Тыштырма жейміз.

Қуыршақты бесікке салады.

**Балалар:**

Балалар қуанып тырма жасап, мәз майрам болып қуанды.

**Тәрбиеші:**

Әжемізідің жағдайы қалай екен?

**Әже:**

Менде рахаттанып қалдым. Мына тәп- тәтті балалардың бесік тойына қатысқаныма қатты қуанып отырмын. Мені құрметтеп бесікке салдырғандарыңа рахмет.

- Ұзақ бол нинасы, өмірің,

**Балалар:**

Қуанып тойды тамашалайды.

**Тәрбиеші:**

Міне осы балалар. Біз қазақтың ұлттық салт –дәстүрлерімен танысып алдық. Енді бәрімiз қазақтың ұлттық ойыны асық атып ойнап қайтайық. Әжеміз демалсын, ал Қыз Наурыз бізбен жүрсейші. Ойнайсың ба?

**Балалар:**

Алақайлап асық ойнайды

Күтілетін нәтиже: Балалар ұлттық құндылықты түсініп, сіңіріп. Ұлттық ойындармен, салт – дәстүрлерді үйреніп, өмірде қолдана алуы.









ЖШС «Венера» балабақшасы

# Ертеңгілік

Тақырыбы:

«Ақ анам»

Балапан кіші топ

Тәрбиеші: Хамзина А.К

Орал 2024 жыл

**Бекітілді:** 11.03.2024 [signature]
**Топ:**"Балапан"
**Тәрбиешінің аты-жөні:** Каналиевна Алия

## "Ақ анам" мерекелік ертеңгілік сценарий

8-Наурыз аналар мерекесі 1 кіші топқа арналған ойын-сауық.
Көңілді ән ырғағымен балалар залға кіреді.Орындықтарына отырады.
-Қане, балалар , қараңдаршы ,бөлменің іші қандай әсем, әдемі.
-Сендер де қандай әдемісіңдер.
-Балалар, сендер неге әдемі киініп алғансыңдар?
-Мейрам.
-Ол қандай мейрам?
-Аналар мейрамы.
Бізді өсіріп баптаған
Жақсы болсақ шаттанған,
Алтыным деп мақтаған,
Айналайын ақ мамам.
-.Кімнің анасы ең жақсы?
Балалар:-Менікі, менікі.
-Кімнің анасы мейірімді?
-Менікі, менікі
-Кімнің анасы әдемі?
-Менікі, менікі.
-Анамыз, кімге ұқсайды?
-Маған, маған.
Балалар, қандай жақсы ән айттыңдар,енді мерекемізді жалғастырайық.Балалар, орнымыздан тұрайық екі-екіден қол ұстасып ортаға шығайық.
Көңілді ән әуені ойнатылады.
Балалар қол ұстасып жүру, шеңбер жасап екіден айналу.(киімдерін көрсету)
-Ой, қандай жақсы биледіңдер, көйлектерің қандай әдемі енді өз орнымызға отырайық жүгіреміз, жүгіреміз.
(Тоқ-Тоқ)
-Балалар біреу келген сияқты.
-Кіріңіз кім болды екен?
(Әдемі көйлегі бар қуыршақ кіреді)
-Сәлеметсіңдерме,балалар, мен қуыршақпын,көңілдімін.
Әрқашанда көңілдімін,көңілдімін.
Ән айтып, билегенді жақсы көремін.
-Көргілерің келе ме?
Онда мен ән айтып берейін.
-Мен көңілді қуыршақпын,
-Аяғымда әдемі етігім бар,
Басымда әдемі орамалым бар
Екі бетім албырап...., қызарып тур.
- Міне, қалай мен ән айттым, сендерге ұнады ма?
- Балалар, сендер би билей аласыңдар ма?
- Иә!!!
- Онда бірге билейік, қане ортаға келіңдер.
-
(Музыка)

1. Орамалдарды жоғары көтеріп көрсету.
2. Орамалды еңкейіп, ары- бері тербелту.
3. Орамалды артқа тығу.
4. Балалар өздері орамалға тығылу.

-Қандай жақсы билеңдер,шаршадыңдарма?

-Ия

-Көңілді қуыршақ, сен де шаршаған сияқтысың ғой, кел сен де отыра ғой.

Балалар қане орнымызға отырайық мен сендерге бір қызықты әңгіме айтып беремін.

Тыңдағыларың келе ме?

- Бақшада бір әдемі мысық балаларымен өмір сүріпті.
- Қане ,балалар ана мысықты шақырайықшы. Мысықты қалай шақырамыз?
- Мыс-мыс-мыс (Мысық ана бұраңдап шығады)

Мен , мысықпын,мысықпын.
Әдемімін жұмсақпын,
Жүнім үлпілдеген,
Құйрығым үлкен ,мамық,
Мұндай құйрық кімде бар айтыңдаршы?

-Балалар , мысық анада бүгін мейрам екен, қонақтарын тосып отыр. Әлі ешкім келген жоқ екен, Сыйлық та әкелген жоқ.

- Мысық ана менің де саған сыйлығым бар, әдемі қызыл етік әкелдім.
- Рахмет саған көңілді қуыршағым, отыр, барлығымыз тәттілермен шай ішеміз.

Мысық ана:- Менің, балаларым, марғауларым қайда екен?
Қайда ойнап жүр екен?

-Қане балалар, марғаулар, Мысық анамызды мейрамымен құттықтаймыз.( жүгіріп келіп мысықты құшақтайды)

Түнде сергіп жатпаған
Күндіз тыным таппаған
Бізсіз тамақ татпаған
Айналайын, ақ мамам

- Қане, балалар, мысық ана қонақтармен әңгімелесіп отырсын.Ал біз түрлі түсті әдемі доптармен ойын ойнайық па?

Біз көңілді баламыз,ойын ойнап би билеп
Біз көңілді боламыз,тоқ-тоқ-тоқ-тоқ
Добым менің, добым менің,
Өзің неткен көңілді едің,тоқ-тоқ-тоқ-тоқ

- Балалар, өлең айттық, биледік, ойнадық шаршадық па?
- Ия
- Қарнымыз ашты ма ?
- Онда мысық анамыздан дәмді ботқа сұрайық
- Мысық ана, марғаулардың қарыны ашып жылап отыр, бізге дәмді ботқа беріңізші
- Ой-ой-ой, менің марғауларымның қарыны ашып қалыпты ғой, мен ұмытып кетіппін ғой

Сендер маған көмектессеңдер ботқаны тез дайындаймыз.

- Қане ортаға келіңдер. Билеп жүріп ботқаны пісіреміз жарайма?
- Ия.

Би: «Аспаздар»

- Рахмет, Мысық ана, ботқа өте дәмді екен.
- Балалар, ботқа ұнады ма сендерге?
- Ия, өте дәмді екен, рахмет мысық ана ,енді марғаулардың ұйқысы келген сияқты. Балалар біраз мызғып алсын , енді орнымызға отырып, көзімізді жұмып, ұйықтап алайық.

Релаксация (баяу ән ырғағына)

Қуыршақ: Рахмет мысық ана, бізді де үйде балаларымыз тосып

қалды ,жүріңдер достарым үйімізге қайтайық.

Балалар мысық ананы шығарып саламыз көнікей

- Мысық ана саубоныңыз
- саубоныңыз
- Саубоныңыздар марғауларым

Балалар осымен біздің іс шарамыз өз соңына жетті.
Соңында топ тәрбиешісі ата-аналарға 8-наурыз мейрамымен құттықтап тілек айтады.



ЖШС «Венера» балабақшасы

# Ертеңгілік

Тақырыбы:

«Ақ анам»

Тұлпар ересек топ

Тәрбиеші: Тлегенов А.Т

Орал 2024 жыл

**Бекітілді:** 18.03.24

**Топ:** "Тұлпар"

**Тәрбиешінің аты-жөні:** Жаңылсын Бирликовна

# «Аяулы анашым» мерекелік ертеңгілік сценарий

Мақсаты: Ана жайлы тамаша сөздер, өлеңдер, әндер арқылы аналарды мерекемен құттықтау, балаларды мейірімділікке тәрбиелеу, ұстазға ата-анаға деген құрмет сыйын арттыру, ана еңбегін қадірлей білуге үйрету.

Барысы:

Зал көктем мерекесіне орай әдемі безендірілген. Көңілді әуен қосылып, ұл балалар жүгіріп кіреді. Ал қыздар соңынан келеді де әркім өз жұбымен орындарына жайғасады.

Жүргізуші: Біз ғана емес,қадір тұтқан бабалар.
Аналардан туған небір даналар.
Ана деген тіршіліктің тірегі,
Армысыздар қасиетті аналар!

Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар! Ата-аналар, әжелер, ұстаздар, бүгін көктемнің алғашқы мерекесі 8 Наурыз құтты болсын! Мерекелік ертеңгілігімізді тамашалауға қош келдіңіздер!

Сіздерден өскен балалар
Батырлар мен даналар
Құттықтаймыз мейраммен,
Құрметті абзал аналар, - дей келе балаларымыздың сіздерге арналған тақпақтарын тыңдайық
(Балалардың тақпағы)

Ән: «Мамамның мерекесі»
(Әуенмен Көктем кіреді)

Көктем: Сәлеметсіңдер ме , балалар!
Міне келдім табиғатты оятып,
Күн күркірі нөсерімен тоя түп.
Ағаштардың тамырына қан жүрді,
Жапырағын жасыл түске бояттып.
Қандай әдемі болып құлпырып кеткенсіңдер!

Тәрбиеші: Сәлеметсізбе әру көктем! Біздің балалардың барлығы да әдемі, ал бүгін ерекше көңілді.

Көктем: Сендер қандай мерекені тойлап жатырсыңдар?

Балалар: Көктем мерекесін, аналарымыздың, аруларымыздың мерекесін тойлап жатырмыз.

Көктем: Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Көктем мезгілі.

Көктем: Көктем мезгілінде ауа-райы қандай болады?

Балалар: Жаңбыр жауады. Күн мен түн теңеседі. Күн ұзарып, түн қысқарады. Адамдар жылы киімін тастап, жеңіл киіне бастайды.

Көктем: Көктем мезгілінде неше ай бар? Атауларын кім айтып береді?
(наурыз, сәуір, мамыр)

Көктем: Көктем айында табиғат не істейді?

Балалар: Көктем айында табиғат оянады.

Көктем: Жарайсыңдар, балалар! Өте ақылды екенсіңдер.

Тәрбиеші: Біздің балалардың барлығы да әдемі, ал бүгін ерекше көңілді. Себебі олар аналарының мерекесіне өз өнерлерін сыйға тартпақшы.

Көктем: Иә мен де сендерді құттықтауға өзімнің әсем гүлдерімді жинап келдім. Қәне менің гүлдерім мерекелік тартуымды қабыл алыңдар (гүлдерді таратып береді).

Би: «Гүлдер биі»
(Әуенмен Қызыл телпек кіреді)

Қызыл телпек: Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Жүргізуші: Сәлеметсің бе, Қызыл телпек! Мұнда қайдан жүрсің?

Қызыл телпек: Әжемнің жағдайын сұрап, құттықтауға бара жатырмын. Осы жерден өтіп бара жатып, әуеннің дауысын естіп келдім.

Жүргізуші: Балалар, Қызыл телпек өтіп бара жатып, әуеннің дауысын естіп келген екен. Ендеше Қызыл телпекке ән айтып берейік.

Ән: «ағылшынша»

Көктем: Балалар , сендер қандай өнерлісіңдер! Ана туралы тақпақ та, ән де біледі екенсіңдер Мен сендерге ризамын, мерекені жалғастыра беріңдер , мен қайтайын басқа да күтіп отырған сендер сияқты балалар бар. Сау болыңыздар!
(Әуенмен Көктем кетеді, Қасқыр келеді)

Қасқыр: Мен Қызыл телпекті іздеп жүрмін. Иісінен сезіп тұрмын, ол осында. Әлде кетіп кетті ме екен? Мен оны ұстап алуым керек. Қайда? Қайда?

Қызыл телпек: Құтқарыңдар мені!

Би: «Жәндіктер»
(Қасқыр таңданып басын шайқайды, отыра қалып, тұрады. Аңдып жүріп би біткенмен Қызыл телпектің қасына жетіп келеді)

Қасқыр: А, міне , өзіңе жеттім бе? Менің қарным ашып тұр, мен сені жеймін!

Қызыл телпек: Қасқыр! Қасқыр! Үлкен мереке өтіп жатыр. Балалардың өнерін тамашалайық! Олар аналарына арнап ән, тақпақ айтады. Мен де әжемді құттықтауым керек. Тамашаға қатысып, ойын ойнайық.

Қасқыр: Егер балалардың өнері маған ұнаса, мен саған тимеймін!

Тәрбиеші: Қане балалар, олай болса ойын ойнайық!

Ойын: «Қыздарға гүл сыйлаймыз мерекеде»

Шарты: Оң жақ қатар мен сол жақ қатардан 1 қыз 1 баладан яғни жұп-жұппен шығады да, жай әуен қосылып, соған вальс билейді. Музыка тоқтап қалған кезде, жүгіріп ортадағы гүлді кім бірінші алса, сол бала өзінің жұбына сыйлайды. Ойын 3.4 рет қайталанады.

Тәрбиеші: Балалар, қасқырға өзіміздің өнерімізді көрсетейік

Ән: «Топ-топ балақан»

Қасқыр: Ой, балалар, сендердің өнерлерін маған ұнады, көп рахмет сендерге. Жүр Қызыл телпек әжеңді бірге барып құттықтайық. Сау болыңдар балалар!

Тәрбиеші:

Болсын дейді балалар
Бақытты өмір, береке
Әжелер мен аналар
Құтты болсын мереке

Ән: «Көктем »

1-бала: Ана– жұмақ, мен – шуақ самбағы,
Ана – шырақ, мен – мен сұрақ санадағы.
Ана – теңіз, мен – қайық тербетілген.
Ана – бұлақ, мен – құрақ жағадағы.

2-бала: Ана дейміз бәріміз де аңқылдап,
Ана дейді жас сәбиде жарқылдап,
Ана деген бәйтерек өмірдің,
Ана деген алтын қазық алтын бақ,
(балалар аналарына сыйлықтарын береді)

Осымен көктемнің алғашқы мерекесі 8 Наурызға байланысты әже, аналарымызға арналған ертеңгілігіміз аяқталды. Көріскенше күн жақсы болсын!





**Бекітілді:** 12.03.24

**Топ:** "Сұңқар"

**Тәрбиешінің аты-жөні:** Жаңылсын Бирликовна

# «Ақ анам» мерекелік ертеңгілік сценарий

8 наурыз мерекесіне арналған ертеңгілік
Ортаңғы топ
Қош келдіңіздер! Аяулы әжелер, аналар, қызғалдақ қыздар, қадірлі тәрбиешілер! Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып сегізінші наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі де келіп жетті. Осындай көркем мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны аналарға ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнген емес. Олар өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі. Бүгінгі «Ана – гүл, ана - жыр, ана - өмір шуағы» атты ертеңгілігіміз сіздерге арналады.

Ән:"Анашым"
1. Бүгін Наурыздың сегізі
Сұлулықтың егізі
Әдемі сөз адамның
Анаға айтар лебізі.
2. Мапелейсің мені анам
Қолыңдағы құсыңдай
Құлпыра өсіп дем алам.
Құшағыңда қысылмай.
3. Жүре берсем қасымда
Әйбат анам, әй анам
«Ботам» деген дауысыңнан
Мен мәз болып оянам.
4. Еркелесем күнім дейтін
Ұрысқаны білінбейтін
Маңдайымнан иіскеп менің
Құлыншағым күнім дейтін.
5. Анамды мен жақсы көрем
Айтқан тілін алып жүрем
Қасымда апам жүргенде
Шаттанып ойнап күлем
6. Ана біздің күніміз,
Ана біздің гүліміз
Бізді ана қуантып
Ұзақ өмір сүріңіз.

Жүргізуші: Балалар қар еріп, құстар ән салып, алғашқы гүлдер шығуда. Адамдарға қуаныш сыйлайтын сиқыршы көктем. Олай болса мерекеге көктемді шақырайық.
Музыка әуенімен залға (Көктем) кіреді.
Көктем: Дала гүлге бөленеді.
Қуанышқа кенеледі.
Орман, торғай, бақтарда
Өйткені мен көктеммін
Құстар сайрай жөнеледі.
Шуғыламды төккенмін.
Барлықтарыңызды мерекелеріңізбен құттықтаймын. Денсаулық, қуаныш, сұлулық тілеймін.

Жүргізуші: Сиқыршы көктем, біздің шақыруымызды қабыл алып мерекемізге келгеніңізге рахмет.
Көктем: Мен қалай келмеймін. Бүгін сондай керемет күн - әжелер мен аналар мерекесі. Балалар мен сендердің әже, аналарыңның есімдерін білгім келеді.

Жүргізуші: Әрине біздің балалар әже, аналарыңның есімдерін біледі. (Балалар жауап береді)

Көктем: Қандай керемет есімдер. Көп - көп рахмет балалар сендерге.
Осы кезде көктемнің телефоны шақырады
Көктем: Иә, не сұрақ жапырақтар шықлай жатыр ма? Кірпілерде оянбай жатыр ма? Оларға көмектесу керек. Қазір ұшып келемін. Міненей балалар менің басқада жұмыстарым бар, маған кету керек. Бірақ мен сендерге босқа келмедім. Мен сендерге сиқырлы кітап тарту етемін. Міне ол. Аналарыңмен бірге оқыңдар. Сау болыңдар.

Жүргізуші: Қандай қызық кітап. Ой аша алмай жатырмын, мұны кілтпен ашу керек екен. Ә, міне кілті. (Кілтті осы кезде бұзақы бала тартып алып кетеді). Кім бүгін бізбен қалжыңдасуға келген?
Бұзақы: Ол мен бұзақы бала. Сендерде не болып жатыр? Мен бұзақылық жасаған кейін анам мені далаға қуып жіберді.

Жүргізуші: Ананың мазасын алатындай күн емес қой бүгін. Бүгін олардың мерекесі. Сондықтан сен бұзақы бала бізбен бірге ертеңгілікте өлең айтып, би үйреніп, анаңды құттықта. Олай болса бізбен бірге ойын ойнайсың ба?
Ойын: «Анамызға гүл сыйлаймыз»
Бұзақы: Ойнағанды жақсы балаларсыңдар. Міне сендердің кілттерің.
Жүргізуші: Ал енді кітапты ашайық. (Сиқырлы әуенмен кітап ашылады)
Кампитті ағашты көреміз. Қандай қызық ағаш. Әр бұтасында кампит өсіп тұр, бұл жай кампит емес, онда не жасырынған екен. (Кампиттерді ашу)
Бірінші кампит тақпақтар.

7. Әжем менің әйбат.
Ешкім оған жетпейді.
Күні бойы бірге ойнап,
Жанымнан бір кетпейді.
8. Аналарды сүйеміз
Сөзін ойға түйеміз.
Әжені де ардақтап
Әдеппен бас иеміз.
9. Бөбегіңнің сыйлығын,
Қабыл алшы анашым.
Ұзақ өмір жүр жасап.
Ауырмашы анашым.
10. Әр сөзінді жаттаған,
Жүрегінде сақтаған.
Анашым деп мақтанам.
Айналайын ақ мамам
11. Айтсаң болды тіл алам.
Әйбат мамам әй мамам.
Сені көрсем қуанам.
Сен керексің қашанда.

2. Екінші кәмпит
Әи:
3. Үшінші кәмпит
«Апазшылар би»
4. Төртінші кәмпит
«Кел билейік»
5. Бесінші кәмпит
Би: «Қанекей кір жуайық»



ЖШС «Венера» балабақшасы

Ашық ұйымдастырылған оқу іс - әрекеті

# Қош келдің жаңа - жыл!

Балапан кіші топ

Тәрбиешілер: Шонаева Ә.С

Орал 2023 жыл

**Тақырыбы: Қош келдің Жаңа жыл**

**Мақсаты:** Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау. Шыршаның безендірілуіне назар аудару

Жаңға жайлы әдемі музыкамен балалар ішке кіреді.

**Жүргізуші:** Сәлеметсіздер ме, балалар!

Жаңа жыл келді о, міне
Далама, қалама жеріме
Шаттыққа бөлеп әр үйді
Шығағой менің төріме!

**Жүргізуші:**Балалар сендер бүгін ерекше әдемі болып киініп келіпсіңдер.

Ал бүгін қандай мереке.

**Балалар:** Жаңа жыл!

**Жүргізуші:**Келді міне жаңа жыл сәуле шашып,

Құлпырады табиғат нұры тасып
Жаңа жыл келді ағайын қарсы алайық
Шашу шашып, би билеп, ән салайық
Балалар ертеңгілігімізді әнмен жалғайық.

**Жүргізуші:**Балалар қараңдаршы біздің шыршамыздың көңіл-күйі жоқ сияқты,

шыршаға арнап ән айтсақта.
Қане, шыршамыздың шамын жағып көрейік.
Бір, екі, үш шырша шамы жана түс.(Шырша жанбайды)
Ендеше шыршамызды жағу үшін Аяз атамызды шақырайық
**Аяз ата, Аяз ата, Аяз ата**

**Жүргізуші:** Қош келдіңіз! Біздің шыршамыз сізді ұзақ күтті.

Шамын сіздің сиқырлы таяқшаңыздың көмегімен жағып беріңіз.

**Аяз ата:** Қане балалар шырша шамын жағайық.

Бір, екі, үш шырша шамы жана түс. (Шырша жанып айналаға қуаныш сыйлауда)

Бәрекелді балалар шыршамыз жанды!

**Жүргізуші:** Алақай шыршамыз жанды. Ал енді ортаға бишілерімізді шақырайық.

"Ақша қар,, биін тамашалайық.

**Аяз ата:** Мен көңілді Аяз атамын қане бәріміз бірге ән шырқап, би билейік.

**Ақшақар:** Сәлеметсіңдер ме, балалар. Сендер қандай әдемісіңдер. Сіздерді жаңа жыл

мерекесімен құттықтаймын. Мен сендерге құр қол келген жоқпын, ойын ала келдім.

Ендеше екі топқа бөлініп ойын ойнайық. "Қар мен сәбіз,, жинау.

Мен ойын шартын түсіндірейін.

Шарты: 1-ші топ қасқырдың тобы.

2-ші топ қоянның тобы.

Қасқырдың тобы қар жинайды. Қоянның тобы сәбіз жинайды. Балалар ойын шарты

түсініктіме.

**Балалар:** Иә. Себеттеріне көңілденіп бірі қар, кейбіреулері сәбіз жинайды.

**Ақшақар:** Балалар сендер өте жақсы, өнерлі, ақылды балалар екенсіңдер.

Аяз ата, балаларға әкелген сыйлықтарымызды берейік.

**Аяз ата:** Дұрыс айтасың, мінекей сыйлықтарың. (Сыйлықтарын таратып береді)

Аяз ата мен Ақшақар тіоектерін білдіріп шығып кетеді.

**Жүргізуші:** Біз сіздерді келесі жылы ачыға күтеміз. Сау болыңыздар!





ЖШС «Венера» балабақшасы

Ашық ұйымдастырылған оқу іс - әрекеті

# Төрлет Жаңа – жыл!

Сұңқар орта топ

Тәрбиешілер: Брликова Ж.Б

Орал 2023 жыл

әрлет Жаңа-жыл!

Жүргізуші:Келді міне жаңа-жыл сәуле шашып,

Құлпырады табиғат нұры тасып.

Жаңа жылды ағайын қарсы алайық,

Қарсы алайық кәнекей ән-салайық.

Алланың нұры жаусын әр үйге,

Жақсылықты тілеймін бар әлемге.

Жаңа-жылда әр үйге бақ дарысын,

Қуанышпен ақ тілек ақтарылсын.

Жүргізуші:Балалар шыршамыз қандай әдемі,ал, біз оның шамын жақсақ ол оданда әдемі болып кетеді.Қане, бәріміз бірге «шырша шамы жарқыра» дейікші?

Балалар: «Шырша жамы жарқыра» (3рет)

Жүргізуші:-Балалар, жаңа жыл мерекесінде ең құрметті адамдар кімдер?

-Ақ сақалды,ақ таяғы бар, қолында қапшық толы сыйлығы бар кім еді?

-Үлпілдеген ақ торғын көйлегі бар, әдемі қыз кім еді?

Балалар жауабы:

Аққақар: (кіріп келеді).-Сәлеметсіздерме балалар!

-Мені таныдыңдарма?

Мен ақшақармын гой. Аяз-атаның немересімін. Мен алыстағы қар патшалығынан келдім. Онда даланы мәңгіге қар басқан. Күн суық. Біз онда Аяз-ата екеуіміз тұрамыз.Аяз-ата сендерге сәлем айтты, кешікпей өзі де келіп қалар.

Қане балалар, ол келгенше ән салып, жұмбақ шешейік:

Ақшақар: Рахмет балалар, тақпақты жақсы айтады екенсіңдер. Енді мен сендерге, жұмбақ жасырайын  сендер шешуін айтасыңдар.

Жасыл жне киімім,

Жайлаймын тау биігін.

Жаңа жылды тойлайсаң,

Төріңдемін үйіннің.  (Шырша)

Жаздай тығылады,

Қыстай зымырайды. (Шана)

Қыста ғана болады,

Ұстасаң қолың тонады. (Қар)

-Рахмет, балалар, сендер менің жұмбағымды дұрыс шештіңдер. Атамыз кешігіп жатыр Атамызды шақырайық.

Барлық бала: Армысыз аяз ата ақ сақалым.  (2рет)

Музыка ойналады: Аяз-ата кіреді.

Аяз –ата:Амансыңдар ма халқым: Жаңа-жыл құтты болсын! Ой айналайындар кандай әдемісіңдер, кандай көңілдісіңдер шыршалары кандай әдемі?

Жүргізуші:Аяз-ата, «Балдәурен» балабакша бүлдіршіндерінің «Төрлет Жаңа-жыл» атты ертеңгілігі болып жатыр.Бізбен бірге тамашалап демалыңыз.

Аяз-ата: Бәрекелді,жарайсыңдар өрендерім олай болса, тамашалайық.

Ән: «Аяз ата»

«Көңілді кыс» такпақтары

Жүргізуші:Аяз-ата бізге әкелген сыйлықтарыңыз қайда?

Аяз-ата:Мына сыйқырлы таяғым сыйлықты тауып береді.

Аяз-ата:-Бәрекелді, міне біздің сыйлықтар.Ал,енді тағы да біз барар балабақшалар көп еді.Сау болыңыздар!

Ақшақар:Келесі кездескенше!

Жүргізуші:Балалар, Аяз-ата мен Ақшақар басқа балабақшаға кетті

Ал біз келген жаңа жылқы жылына өте қуаныштымыз.Жаңа жылымыз бақыт,табыс, жақсылық әкелсін.Жаңа жыл құтты болсын!





ЖШС «Венера» балабақшасы.

# *Ертеңгілік*

*Тақырыбы:*

*« Келді міне, Жаңа жыл!»*

*Тәрбиеші:Артығалиева.Б.С*

Орал қаласы:2023жыл

**Тақырыбы:** «Келді міне,Жаңа жыл!»

**Мақсаты:** Балаларға Жаңа жыл мерекесі туралы мағлұмат беру. Жаңа жыл мерекесінің қызықтарын, әдемі көріністерін тамашалау арқылы қоршаған ортаға қызығушылығын арттыру. Балаларды бір - біріне деген достық сезімге, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**Барысы:** Зал іші мерекеге сай безендірілген. Көңілді әуен ойнап тұрады. Залға балалар қол ұстасып кіріп, шыршаны айналып тұрады.

**Жүргізуші:** Құрметті қонақтар және балалар! Біз сіздермен бір жыл бойы қызығы мен қуанышы мол,есте қаларлықтай мерекелерге толы ескі жылды шығарып салып, жаңа жылды қарсы алғалы отырмыз.Қыс түсіп, айнала аппақ қарға оранды. Бәріміз бүгін әсем безендірілген жасыл шырша жанында жиналып отырмыз.

Аппақ бүгін қыр далам,
Ақ дастархан жапқандай .
Халық біткен қарбалас,
Қонақ күтіп жатқандай.
Көңілде көп қуаныш,
Әр көңілді жақсылық.
Кетер жылға мың алғыс,
Әкелген көп жақсылық.

**Жүргізуші**: Балалар қараңдаршы, көптен күткен Жаңа жылымыз да келіпті! Бүгін сендер қандай әдемісіңдер.Шыршамыз қандай әдемі.Олай болса осы әдемі шыршамызды айналып,ән салып,би билейік.

**Ән:** «Шырша жыры» хормен

**Жүргізуші:**

Жаңа жылдың кешінде,
Аңдар келіп бір шешімге.
Достаспақшы бір ниетпен,
Жиналыпты келісімге.
Сонымен балалар,
Жаңа жылға арналған.
Ертегімді көріңдер,
Шын бағасын беріңдер.

*(мерекелік музыка ойналады)*

*Шыршаның артынан қоян секіріп шығады да:*

**Ибрахим Қоян:**

Ау жарандар, қараңдар,
Жауып тұр қар себелеп,
Көкке толды ,жерге қонды,
Сансыз аппақ көбелек.

Тым алыстан, марстан,
Келіп Аяз атамыз
Жылды тойлап, билеп-ойнап,
Көп қызыққа батамыз.
*Секіріп билеп жүрген қоянның алдынан аю шығады. Қоян сасқалақтап қалады.*
**Қоян:** Амансыз ба, аю пан!
**Айарыс аю:**
Жаңа жылдың алдында,
Тойды еске алдым да.
Ұйқымды ашып сергідім,
Ұйықтамаймын мен бүгін.
Жылды қарсы алайық,
Би билеп, ән салайық.
*Екеуі қол ұстасып, билейді. Сол кезде куанайқутындап түлкі келеді.*
**Ғибрат Түлкі:**
Қоянжанға бір сәлем!
Аю паңға мың сәлем!
**Аю, қоян:** Аман ба түлкі, кел мында!
**Түлкі:**
Достарым, жыл келеді,
Сыйлығын ол береді.
Жұмбақ шешкіш түлкінің,
Өнерін жұрт көреді.
Тауып өз сынарымды
Тайсалмай, биге түсіп,
Тарқатам, құмарымды.
*Аю, қоян, түлкі бірге билей, жөнеледі. Осы кезде орталарына кірпі келеді.*
**С.Әмір Кірпі:**
Сәлем, достар, аман ба?
Нұр берді шырша алаңға
Жылға шашу шашайық,
Тойлап, көңіл ашайық.
*Бәрі билеп жатқанда , тиін келеді.*
**Алдияр Тиін:**
Тра-ля-ляй! Тра-ля-ляй!
Өнерпіл аңдар-ай
Өңкей паңдар тыңдаңдар,
Жаңа жылға әнім бар







ЖШС «Венера» балабақшасы

Ашық ұйымдастырылған оқу іс - әрекеті

# Тәуелсіз елім - Қазақстан

Балапан кіші топ

Тәрбиешілер: Жұбандықова А.Ч

Шонаева Ә.С

Орал 2023 жыл

ЖШС «Венера» балабақшасы

Ашық ұйымдастырылған оку іс - әрекеті

# Елімнің еркіндігі - Тәуелсіздік

Сұңқар орта топ

Тәрбиешілер: Брликова Ж.Б

Орал 2023 жыл

**Жүргізуші:**

Кең байтақ, көз жетпейтін жерім менің,

Таулы орман, жасыл жайлау, көлім менің.

Бүгінде бар әлемге даңқың жетті,

Тәуелсіз Қазақстан елім менің!

Құрметті тәрбиешілер мен кішкентай бүлдіршіндер! Бүгін біз еліміздің сан мың жылдар бойы армандаған, сол жолда ғасырлар бойы найзаның ұшымен, ерлеріміздің ерен ісімен келген, тарихымызда алтын әріптермен жазылып қалатын Тәуелсіздік күні мерекесіне арналған «Елімнің еркіндігі – Тәуелсіздік» атты тәрбие сағатымызды назарларыңызға ұсынамыз.

ҚР гимні орындалады.

Мерекелік тақпақтарымен балаларды ортаға шақырамыз

**Саян :**

Мерекеге шығады,

Бүкіл халық біліп қой.

Отандастар ұғады,

Тәуелсіздік – ұлы той.

**Азиза:**

Көтерілсе шаттығым,

Ынтымақты ел іші.

Желбіресе көк туым,

Тәуелсіздік жемісі.

...дыз:

Тәуелсіздік елміз,

Мәңгі жасар жеріміз.

Тәуелсіздік жасаған,

Аға, әпкелеріміз.

Балалар біздің Отанымыз қалай аталады? (Қазақстан)

— ҚР президенті кім? (Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев)

— ҚР рәміздеріне не жатады? (Ту,елтаңба, гимн)

Жарайсыңдар балалар,Қазақстан Республикасының еркіндік алып Тәуелсіздікке жеткен күні ол 16-желтоқсан. Бізге тәуелсіздік оңай жолмен келген жоқ. 1986 жылы 16-желтоқсанда үлкен көтеріліс болды, оған қазақтың жас ұлдары мен қыздары шықты.Сол жастардың ішінде Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Спатаев,Сабира Мұхамеджанова, Ляззат Асановалар болды.Олар Отан үшін,сендердің болашақтарың үшін үлкен ерлікпен қаза тапты.Осы аға — апаларымыздың арқасында ешкімге бағынбай, тәуелсіз мемлекет болдық.

**Жүргізуші:**

Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік,халқымыздың еңсесі жоғары,егемендігіміз баянды болсын! Осымен ертеңгілігімізді аяқтаймыз,келесі кездескенше сау болыңыздар!


ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ
16

16

16

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ
16




Елімнің еркіндігі

ЖШС «Венера» балабақшасы

Ашық ұйымдастырылған оқу іс - әрекеті

# Тәуелсіз елім - Қазақстан

Балапан кіші топ

Тәрбиешілер: Жұбандықова А.Ч
Шонаева Ә.С

Орал 2023 жыл

**Тақырыбы:** «Тәуелсіз елім Қазақстан»

**Мақсаты :** Балаларды отанды сүйуге,Қазақстан Республикасының рәміздерін құрметтеуге, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыруға тәрбиелеу.Балалардың сөздік қорын дамыту.

**Көрнекіліктер:**Қазақстан Республикасы рәміздерінің суреттері,Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев суреті сонымен қатар президентіміз Қ.К.Тоқаевтың суреті.Желтоқсан оқиғасының құрбандары Л.Асанова мен Қ.Рысқұлбековтың суреттері мен арнау жыр шумақ өлеңдері.

**Тәрбиеші:** Балалар айтыңдаршы «отан»дегеніміз не?

Бұл сендер тұратын жер,үйлерің,халқың.

Біздің Отанымыз-Қазақстан

Балалар Қазақстан Республикасының рәміздеріне не жатады:

**Балалар:**Ту,Елтаңба, Әнұран.

**Тәрбиеші:**Туда ненің суреттері бейнеленген?

**Балалар:**Күн,Бүркіт,ала-өрнек.

**Тәрбиеші:**Дұрыс балалар Күнбейбітшілікпен байлықты білдіреді,ал қыран бүркіті-тәуелсіздіктің белгісі. Ала-өрнек қазақ халқының дәстүрін білдіреді.

Ал Елтаңбадан ненің суреті бейнеленген?

**Балалар:**Шаңырақ,жұлдыз,тұлпар. «Қазақстан» деген жазу бар

**Тәрбиеші:**Дұрыс балалар:Жұлдыз-жарықты білдіреді, тұлпар –батырлық пен қажырлықты білдіреді.Шаңырақ-ошағымыздың амандығын білдіреді.

Балаларға «Тәуелсіздік» сөзінің мағынасын түсіндіру.

**Балалармен бірге сергіту сәтін орындау:**

Қане қане тұрайық

Қазақ үйді құрайық

Бір уақты қолға алып шаңыраққа тағайық

Оңға,солға бұрылып арқандарды тартайық

**Тәрбиеші:**Балалар мыңдаған жылдық тарихы бар Қазақстан өз тәуелсіздігін алып бүгінгі күні әлемге танылды Қазақстан Республикасы қазіргі кезде бай да, бақытты,болашығы зор, тәуелсіз.Егеменді ел олай болса осындай мемлекетте тұратын біз де бақыттымыз.

Елімізде арқашан тыныштық болып, аспанымыз ашық, деніміз саубылып Қазақстанымыз көркейіп жайнай берсін.

Осымен бүгінгі «Тәуелсіз-елім Қазақстан» атты ертеңгілігіміз аяқталды.

Сау болыңыздар!


ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ
16







ЖШС «Венера» балалақшасы.

# *Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті.*

*Тақырыбы:*

*«Тәуелсіздік тұғырым!»*

*Тәрбиеші:Артығалиева.Б.С*

*Орал қаласы:2023жыл*

**…ақырыбы:** Тәуелсіздік тұғырым!

**Мақсаты:** Тәуелсіз еліміздің болашағы-жас ұрпақтар бойына Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттырып,туған жері мен елін сүюге,оны қорғай білуге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Буклет, көрнекіліктер, шарлар,жалаушалар.

**Жүргізуші:** Арайлап таң атты,
Алтын сәуле таратты
Жарқырайды күніміз,
Жарқырайды даламыз.
Біз бақытты баламыз,- дей отырып «Тәуелсіздік тұғырым!» атты ашық оқу іс-әрекетімізді бастаймыз.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны орындалады.

-Балалар,біз қандай ән орындадық?

-Қазақстан Республикасының әнұранын орындадық.

Дұрыс айтасыңдар, балалар.Әрбір республиканың өз ерекшелігін білдіретін әнұраны,туы,елтаңбасы болады.Біз оны рәміздер деп атаймыз.

Қуан халқым!
Қуанатын күн бүгін,
Серпін таста мұңды жүрек түндігін
Шарықтайық,шаттанайық,тынбайық
Тәуелсіздік күнін бүгін,
Халқым бірге тойлайық!

Біз тәуелсіз елдің түлегі болғанымызға шексіз қуанамыз.Отан әр жұмырбасты пенденің киелі мекені,жер басып жүрген әр тіршілік иесінің шексіз байлығы.Тәй-тәй басқан нәресте де, еңкейген қария да оның бір мүшесі. Балалардың тақпақтарын айтқызу.

**Ибрахим:** Он алтыншы желтоқсан
Тәуелсіздік алған күн.
Ерекше боп мәңгілік,
Ел жадында қалған күн.

**Айарыс:** Он алтыншы желтоқсан
Ел мерейі тасыған.
Қазақ деген қалың жұрт
Бәрін кешті басынан.

**Айша:**Бостандық білсең, біздерге
Оңайлықпен жеткен жоқ
Желтоқсанда төгілген
Қанның орны кепкен жоқ.

**Регина:**Любимый Казахстан,
Родина моя,
Тебя с Днем независимости
Поздравляю я!

«Рәміздерді құрастыру үстел-үсті ойыны»

**Ән:** «Тәуелсіз ел ұланы»

**Балалардың тақпақтарына кезек берейік.**

**Элина:** Көк байрақ, көк аспан
Алтын күн,нұр шашқан.
Әлемге танылған
Тәуелсіз Қазақстан.

**Алдияр:** Ұланымын елімнің
Болам жігіт зор әлі
Қазақстан жалауын,
Көтеремін жоғары.

**Амина:** Желбіресе көк туым
Тәуелсіздік жемісі.

**Жүргізуші:** Біз тәуелсіз елде тыныш өмір сүріп жатырмыз.Аспанымызда күніміз жарқырап тұрсын, елімізде әрдайым бейбітшілік болсын деген ниетпен бәріміз қолтанбамызды қалдырайық

**Жүргізуші:** Бүгін, міне, Егеменді тәуелсіз еліміздің ұлы мерекесін тойладық. Жүзіміз жарқын болып, аспанымыз ашық болсын деп тілейміз. Егеменді елдің болашағы – сендерсіңдер! Сендерге зор денсаулық, көңілдеріңе шаттық тілей отырып, атар әрбір таңдарың арайлы да шуақты болсын, күннің нұры сәулесін мол төксін деп оқу іс-әрекетімізді аяқтаймыз. Бүгінгі оқу қызметке жақсы қатысқандарың үшін сендерге тәтті сыйлақтарымды тарту етемін.










Тәуелсіздік күні!
16

ЖШС «Венера» балабақшасы

# *Ертеңгілік*

*Тақырыбы:*

*« Алтын күз!»*

***Тәрбиеші:Артығалиева.Б.С***

**Орал қаласы:2023жыл**

**Тақырыбы:** Алтын күз!
**Мақсаты:** Балаларды күз мерекесіне тән белгілерді тауып, табиғатты қорғауға, жемістер мен көкөністерді ажырата білуге, оның сұлулығын тамашалауға тәрбиелеу. Берекелі күз туралы мағлұмат беріп, тақпақтары мен ән билер арқылы мерекелік көңіл күй сыйлау.
**Жүргізуші:** Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар, және балалар. Ел байлығын арттырған берекелі де мерекелі, күз мерекесі құтты болсын. Ендеше **«Алтын күз»** атты мерекелік ертеңгілігімізді бастаймыз.«Тұлпар, Сұңқар» тобының бүлдіршіндерін қарсы алыңыздар!(Музыка ырғағымен балалар залға кіріп,орындарына жайғасады.)

Сары жібек көйлегін желбіретіп,
Жапырағын ағаштың селдіретіп.
Тойға бөлеп елімді күзім келді,
Нұр тамшысын аспаннан мөлдіретіп.

*(Сырттан бір дыбыс естіледі,желдің шуы)*
- Балалар, тыңдаңыздаршы бұл не шу?
*(Осы кезде әдемі әуенмен Күз ханшайымы келеді)*
**Күз ханшайымы:** Сәлеметсіздер ме, балалар!
**Балалар**: Сәлеметсіз бе!
**Күз ханшайымы:** Уа, халайық, дархан далам армысың,
Табиғатым жаны жайсаң тал мүсін
Ханшайымы күздің бүгін келіп тұр,
Алмақ болып бар халқымның алғысын.

Мен – Күз ханшайымымын. Сендерді көргеніме қуаныштымын.Сендермен бірге күз мерекесін тойлауға келдім.
**Жүргізуші:** Қош келдің, Күз ханшайымы! Төрлет! Қымбатты Күз ханшайымы! Біздің балалар сізге арнап ән, тақпақ дайындады.
**Ән: «Алтын күз»**
Кезекті балалардың күзге арнаған тақпақтарына берейік.
**Ерсұлтан:** Көбейді құт –береке
Астық толы қоймамыз.
Құтты болсын мереке,
«Алтын күзді»тойлаймыз

**Айарыс:** Алақайлап жүрегім,
Қуанышқа толып тұр.
Асыққан Алтын күзім,
Қоңырауын соғып тұр.

**Регина:** Здравствуй, осень! Как дела?
Ты надолго к нам пришла?
Приготовила уж краски,
Чтоб одеть деревьям маски?
Землю полила дождем?
Много мы грибов найдем?
Будет летом урожай?
Нам скорее отвечай!

(Балалар көңілді музыкамен билейді, жаңбырдың дыбысын естігенде үлкен қолшатырдың астына тығылады,)

**Жүргізуші:**Ал қояным,жылындың ба?

**Қоян**: Иә жылындым, рахмет!

**Жүргізуші:** ал, енді біздің биші қыздарымыздың биін тамашала.

**Би:**«Қолшатыр»

**«Шалқан»**ертегісі.**Қатысушылар: Шалқан**-Паша

**Ата**-Ибрахим

**Әже**-Регина

**Қыз-** Шахризада

**Ит**-С.Әмір

**Мысық-** Эмир

**Тышқан**-З.Али

**Күз ханшайымы:** Балалар, көп рахмет сендерге! Қандай өнерлі балаларсыңдар Мен сендерді Күз мерекесімен құттықтап біраз сыйлық дайындадым. Сыйлықтарды бізге, менің досым аю әкелу керек,бірақ ол кешігіп жүр.Мүмкін, бәріміз бірге аюды шақырсақ ол тез келетін шығар!

**Музыка ырғағымен***(Ортаға Аю кіріп келеді,қолында себеті бар)*

**Жүргізуші:** Сәлеметсің бе Аю! Біздің күз мерекесіне хош келіпсің! Төрлет!

**Аю:** Сәлеметсіздерме балалар! Мерекелерің құтты болсын! Мен бүгін осы жерде мереке болып жатырғанын естіп, сыйлықтарыңды алып ,сендермен бірге мерекені тойлауға асығып жеттім.**(Аю күз ханшайымға сыйлықтарды береді.)**

**Жүргізуші:** Аю алыстан шаршап келген шығарсың? Біздің қонақтарымыз бірге балалардың өнерін тамашала.

**Балалардың тақпақтарына кезек береміз.**

**Ғибрат:** Кездескен соң күзімен,
Бұтағынан үзілген.
Ай жапырақ, сары алтын,
Айналаның бәрі алтын.

**Айша:** Сары ала тон жамылған,
Күз атамыз секілді.
Қойны толы дәмді нан,
Тәттісі көп не түрлі.

**Әмір:** Алтын сары, қызыл, көк
Алуан-алуан жапырақ.
Күзгі бақта күлімдеп,
Көз тартады атырап.

**Ибрахим:** Ағаштардан жамырап
Ұшты кенет жапырақ.
О, алақай, тамаша
Шашу шашты жапырақ.

**Павел:** Мы с дружочком в лес пойдём
И листочки соберём.

Будут листики кружиться,
Будут детки веселиться.

**Асылым:** Берекесін сыйлауға
Өлкемізге күз келді.
Жемістерін жинауға,
Шақырады біздерді.

**Амина:** Қуандырып біздерді,
Мерекелі күз келді

**Рамиль:** Құтты болсын мереке,
Алтын күзді тойлаймыз.

**Би** «Күзгі вальс» **орындайтындар:** Регина-Ибрахим
Асылым-Айарыс
Айша-Паша

**Күз ханшайымы**: Балалар, көп рахмет сендерге! Қандай өнерлі балаларсыңдар! Ал енді біз аю екеуіміз басқа балабақшаның балаларын құттықтауға барайық. Өнерлеріңді көрсетіп,көңілімізді көтергендерің үшін көп рахмет! Келесі кездескенше, балалар! Сау болыңдар!

**Балалар**: Сау болыңыз!

***Ата-аналармен балаларға алғыс хат табыстау.***

**Жүргізуші:** Құрметті ата-аналар және балалар бүгінгі «Алтын күз» - атты ертеңгілігімізді аяқтай отырып, күз берекелі, астықты болсын демекпіз.Осымен күз мерекесіне арналған ертеңгілігіміз аяқталды хош сау болыңыздар!



 

ЖШС "Венера" балабақшасы

# Ертеңгілік : Алтын күз

"Балапан" кіші топ

Тәрбиешілер : Шонаева Ә.С
Жұбандықова А.Ч

Оқу жылы : 2023ж

**Жүргізуші:**

Сәлеметсіздерме,қадірлі қонақтар! Бүгін біз жыл мезгіліндегі ең тамаша- «Алтын күз, әсем айналам, Еліне береке сыйлаған» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Бұлттар төгіп жерге шөгіп, Дымқыл тұман басады, Шөп сарғайып, өні тайып, Дала сұры қашады. Бой жаза алмай, ойнай алмай, Денең мұздап тоңады, Бөбектерім айтыңдаршы Бұл қай кезде болады?

**2.** Ақтарады мырза күз, уылжыған жемісті,

Күзге бізде ризамыз, аянбаған ел үшін.

Көбейді құт береке, астық толы қамбамыз,

Құтты болсын мереке, алтын күзді тойлаймыз.

3. Қыстың жақын қалғанын, жапырақтар білгендей,

Желмен ұшып барады, жерге қонып үлгермей

Жапырақтар жамырап, сайға барып бекінді.

Әсезім Анасынан ажырап, қалған бала секілді.

4. Жатыр дала жалтылдап, жаз шуағы мол құйды,

Күн астында алтын дән, тербеледі

толқиды Димаш Көктемде егін егетін, күзде жиып беретін

Біздің дала бай дала, астық толы айнала.

**Жүргізуші:** Табиғат-Ана ғой.Тағдыр ғой күз деген.

Тыныштық бұзылма, үмітті үзбеген.

**Жүргізуші:** Ән салыңдар күліңдер Жайнап гүлдей жүріңдер Күздің тойын тойлайық Би билейік, ойнайық.

**Ән: Алтын күз келді**

**Би «күзгі жапырақтар».**

**Ойын : Жемістерді жинау**

**Күз ханшайымы:** — Бәрекелді, керемет!

**Жүргізуші**: Күз ханшайымы, біздің балалар көкөністерді жемістерден қалай тез ажырата алатынын білесізбе? Күз ханшайымы: Білмейді екем...
Жүргізуші: Ендеше тамашалаңыз.(Ойын «Көкөністерді ажырат»)

**Жүргізуші**: –Жарайсыңдар, балалар!Көрдіңізбе, Күз ханшайымы, біздің балалар қандай епті, жылдам.

**Күз ханшайымы**: Сәлем менің достарым, Өмірге көп қосқаным, Күз сыйлығын алыңдар Сыйлығына қаныңдар. Молшылыққа кенеліп, Шаттық әнге салыңдар.

**Жүргізуші**: -Ал, балалар өнерімізді көрсетіп, мерекені тойлайық.

1. Қуандырып біздерді,кел жемісті алтын күз.

Өлкемізге күз келді, кемелдейсің халқымыз.

Ақпейіл

Жеміс мол теретін, күз дос екен бізбенен

Бәрін тауып беретін, жомарт екен күз деген.

**Күз ханшайымы:** Керемет! Қандай әдемі! Балалар, менің басқа балабақша бүлдіршіндеріне баратын уақытым болыпты. Мен енді кетейін, сау болып тұрыңдар! Келесі кездескенше аманшылық болсын!

**Жүргізуші:** Күз ханшайымының сыйы- жемістерден дәм татытын кез келген сияқты, тобымызға баруға жиналайық. Құрметті қонақтар, ата-аналар бүгінгі «Алтын күз, әсем айналам, Еліне береке сыйлаған» -атты ертеңгілігімізді аяқтай отырып, күз берекелі, астықты болсын демекпіз.

« Берекелі бақ дәулет, арта түссін тойланып

Сау болыңдар қонақтар, келгенше жыл айналып.»





ЖШС «Венера» балалақшасы.

# *Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті.*

*Тақырыбы:*

*«Туған елім-Қазақстан!»*

*Тәрбиеші:Артығалиева.Б.С*

*Орал қаласы:2023жыл*

**Өткізілген күні: 24.10.2023жыл**
**Тақырыбы:** «Туған елім-Қазақстан!»
**Мақсаты:** Балалардың алған білімдерін тиянақтау. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Отанды сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу.
**Әдіс - тәсілдері:** әңгімелеу, сұрақ - жауап, қайталау, мадақтау.
**Көрнекіліктер:** ҚР картасы, ҚР рәміздері.
ҰОІӘ барысы:
Балалар топқа қолдарына ту ұстап кіреді, шеңбер жасап тұрады.
Амандасу рәсімі:
Үлкенге де сіз,
Кішіге де сіз.
Баршаңызды құрметтеп
Бас иеміз біз.
-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?
-Дұрыс айтасыңдар, балалар күз айында қандай мерекелер бар? барлығымыз бірге есімізге түсірейік.
-1-Қазан-Қарттар күні,
-5-Қазан- Ұстаздар күні,
-25-Қазан– Республика күні.
Олай болса балалар! 25-қазан Республика күніне арналған «Туған елім-Қазақстан» атты ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімізді бастаймыз.
Әнұран айту. (Барлығы орындарынан тұрып жүректеріне оң қолдарын қояды)
**Сурет арқылы балалармен Қазақстан Республикасы жөнінде әңгімелесу, түсінік беру.**
Адамның туып өскен жері, туған-туысқандары, біз тұратын атамекен.
Балалар біздің отанымыз қалай аталады?
-Біздің отанымыз Қазақстан.
Еліміздің бас қаласы қалай аталады?
-Біздің бас қаламыз Нұрсұлтан қаласы.
Біздің Президентіміз кім?
-Біздің президентіміз Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаев.
Еліміздің қандай рәміздерін білесіңдер?
-Ту, Әнұран, Елтаңба.
Балалар топқа бөлініп жұмыс жасайды.
Ітоп-Елтаңбаны құрастырып жапсырады
IIтоп-Туды жапсырады.
Балалар біздің елімізде көп ұлт өкілдері тұрады,кәне соларды атап айтайықшы: орыстар, өзбектер, қырғыздар, татарлар, немістер. Иә балалар дұрыс айтасыңдар әр түрлі көп ұлт өкілдері бір шаңырақ астында тұрады екенбіз. Балалар кәнекей әр ұлт өкілдері бір шаңырақ астында қалай тұратынын көрсетейік.

**Сергіту сәті:**

Дөңгелене тұрамыз,
Керегені құрамыз.
Уық болып иіліп,
Шаңыраққа киіліп
Киіз үйді құрамыз.
(Балалар өлең жолдарына байланысты қимылдар жасайды).

**Дидактикалық ойын.**

**Балалар алдымыздағы қазақстан бейнеленген картамызға еліміздің символдарын тауып орналастырамыз. Балалар тақтаға ілінген қазақстан деген жазуы бар плакатқа қазақстанға тиесілі заттарды кезектесіп шығып орналастырады.**

Қорытынды:

Бүгін қандай күн? Республика күні
Қазақстан Республикасының президенті кім? Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев.
Бүгінгі іс-әрекетіміз сендерге несімен ұнады?
Қазақстанның Туын, елтаңбасын бейнелеген сендерге ұнады ма?
Қазақстан елінің келешегі сендерсіңдер білімді ақылды болсаңдар көктуымызды биік көктен желбірететіндеріңе біз сенеміз!
Осымен бүгінгі республика күніне арналған оқу іс-әрекетіміз аяқталды.






ЖШС "Венера" балабақшасы

Ашық ұйымдастырылған оқу - іс әрекеті

Тақырыбы : "Қазақстан - туған елім, ұлы өлкем"

Өткізген тәрбиеші : Шонаева Әсемгүл Саматқызы

2023 оқу жылы

**25 Қазан - Республика күні (Қазақстан – туған елім, ұлы өлкем)**

Ашық сабақ мақсаты:
1. Балалардың отан, Қазақстан, туған жер туралы түсініктерін кеңейту.
2. Балаларды Отанды сүюге,еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған еліне деген сүйіспеншілігін арттыру.
3. Балаларды достыққа, адамгершілікке, саналылыққа тәрбиелеу.

Ашық сабақ әдісі: сұрақ- жауап, әңгімелеу.
Ашық сабақ барысы: Ұйымдастыру кезеңі.
Сәлеметсіздерме балалар!
Күз: сәлеметсіздерме балалар!
Бүгін сіздерде ашық тәрбие сағаты болып жатыр екен. Денderің сау, дастарханадарың мол болсын !
Мен өзім ғана келген жоқпын, өзіммен бірге айларымды ерте келдім.
Тәрбиеші: Бізге қонаққа күздің қыркүйек, қазан, қараша айлары келіпті.Осы айлар ішінен қазан айына сөз берсек.
Менің атым- қазан. Күзгі жиын-терінің соңғы айымын, еңбеккер елді той- думанға кенелтемін.
Балалар қазан айында қандай мереке күндер барын білесіңдер?

Балалар:- Ұстаздар күні,
-Қарттар күні,
– **Республика күні.**

Тәрбиеші: Олай болса балалар! **25-қазан Республика күніне арналған** «Қазақстан – туған елім,ұлы өлкем» атты ашық тәрбие сағатымызды бастаймыз.

Хор:Әнұран.
Тәрбиеші: Балалар арайлаған таңды сүйетін кім?
-Мен
Алтын сәулені сүйетін кім?
-Мен
Жарың даланы сүйетін кім?
-Мен
Ата-ананы сүйетін кім?
-Мен
Досын сүйетін кім?
-Мен
Балапанғы елімнің кім?
-Мен
Кәне балалар Отан деген не?
Адамның туып өскен жері, туған-туысқандары, біз тұратын атамекен.
Балалар біздің отанымыз қалай аталады?
-Біздің отанымыз Қазақстан.

Еліміздің бас қаласы қалай аталады?
-Біздің бас қаламыз Астана
Біздің Президентіміз кім?

Еліміздің қандай рәміздерін білесіңдер?

Ту, Әнұран, Елтаңба.

Балалар біздің елімізде көп ұлт өкілдері тұрады,кәне соларды атап айтайықшы: орыстар, өзбектер, қырғыздар, татарлар, немістер.

Иә балалар дұрыс айтасыңдар әр түрлі көп ұлт өкілдері бір шаңырақ астында тұрады екенбіз.

Балалар кәнекей әр ұлт өкілдері бір шаңырақ астында қалай тұратынын киіз үй құрып көрсетейік.

Балалар Қазақстан туралы өлеңдер оқып, жақсы мақал-мәтелдер айту,елімізді, жерімізді мадақтау бүгін біздің еншіміздe. Ендеше өнерімізді ортаға салайық.

Балалар енді «Ғажайып қоржын» ойынын ойнайық.

Қоржын ішіне жасырылған сұрақтарға жауап беру.

Балаларды мадақтау.

-Балалар! Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы екен. Отансыз адам болмайды. Отанымыз көркейіп, гүлдену үшін біз көп еңбектенуіміз керек. Еңбектену дегеніміз білімді,тәртіпті болуымыз.

Енді балалар тәрбиеленіп жатқан бала бақшамыз туралы
Тақпақ айтып жіберейік.
Бала бақша есігін,
Үшке толa ашқанбыз.
Балапандай өсіріп
Мәпелейді бақшамыз.
Балалар бүгінгі ашық тәрбие сағаты ұнады ма?
Қорытынды: Байтақ дала жерім менің
Арта берсін даңқың сенің
Көк байрағың желбіресін
Егеменді елім менің – дей отырып,
Құрметті қонақтар, балалар осымен Республика күніне арналған
«Қазақстан-туған елім, ұлы әлем» атты ашық тәрбие сағатымыз аяқталды.